

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ҚАЗАҚСТАН

КЫРБАСОВА Э.А	АЗИМБАЕВА Д.К.
ДЮСКАЛИЕВА Г.У.	БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.
КЕҢЕСБАЕВ С.М.	СКАКОВА Р.Ә.
МҰРАТБАЕВА ГУЛНАР	КАРИМОВА Р.Е.
ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ	МАҚҰЛБЕКОВА А.А.
САДИРБЕКОВА ДИНАРА	СМАНОВА А.А.
СЕЙТЕНОВА САЛИМА	КУЛЬБАЕВА Б.С.
МЕДЕУБАЕВА КЕНЖЕХАН	НУРАДИН Г.Б.
САДИРБЕКОВА ДИНАРА	ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП
ҚЫЛЫШПАЙ БАЯН	АЛЬПТЕКИН ЗЕЙНЕЛ
БАЙНАЗАРОВА Т.Б.	ДАНИЯРОВ Т.А.
ОМАРБЕКОВА Ш.О.	



**978-605-68667-1-5**

# КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ҚАЗАҚСТАН

КЫРБАСОВА Э.А  
ДЮСКАЛИЕВА Г.У.  
КЕҢЕСБАЕВ С.М.  
МҰРАТБАЕВА ГУЛНАР  
ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ  
САДИРБЕКОВА ДИНАРА  
СЕЙТЕНОВА САЛИМА  
МЕДЕУБАЕВА КЕНЖЕХАН  
САДИРБЕКОВА ДИНАРА  
ҚЫЛЫШПАЙ БАЯН  
БАЙНАЗАРОВА Т.Б.  
ОМАРБЕКОВА Ш.О.  
АЗИМБАЕВА Д.К.  
БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.  
СКАКОВА Р.Ә.  
КАРИМОВА Р.Е.  
МАҚҰЛБЕКОВА А.А.  
СМАНОВА А.А.  
КУЛЬБАЕВА Б.С.  
НУРАДИН Г.Б.  
ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП  
АЛҒПТЕКИН ЗЕЙНЕЛ  
ДАНИЯРОВ Т.А.



**ISBN**

**978-605-68667-1-5**

## **Institution Of Economic Development And Social Researches Publications®**

(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)

TURKEY TR: +90 342 606 06 75

USA: +1 631 685 0 853

E posta: [kongreiksad@gmail.com](mailto:kongreiksad@gmail.com)

[www.iksad.org](http://www.iksad.org)

[www.iksadkongre.org](http://www.iksadkongre.org)

Kitabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

**Iksad Publications - 2018© ISBN – 978-605-68667-1-5**



**ISBN**

**978-605-68667-1-5**

## **МАЗМҰНЫ**

**КЫРБАСОВА Э.А**

**БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ  
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ  
ЖОЛДАРЫН ДАМУ**

**4**

**КЫРБАСОВА Э.А.**

**ДЮСКАЛИЕВА Г.У.**

**КЕҢЕСБАЕВ С.М.**

**БОЛАШАҚ БИОЛОГТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-  
ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ  
(«ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР ҚОРЫ» ПӘНІ  
ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)**

**17**

**МҰРАТБАЕВА ГУЛНАР**

**ҚОҢЫРБАЕВА САРАШ**

**САДИРБЕКОВА ДИНАРА**

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ  
ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**30**

**СЕЙТЕНОВА САЛИМА  
МЕДЕУБАЕВА КЕНЖЕХАН  
САДИРБЕКОВА ДИНАРА  
ҚЫЛЫШПАЙ БАЯН**  
СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ  
48

**БАЙНАЗАРОВА Т.Б.  
ОМАРБЕКОВА Ш.О.  
АЗИМБАЕВА Д.К.**  
СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-  
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ  
62

**БЕЙСЕМБАЕВА К.Д.  
СКАКОВА Р.Ә.  
КАРИМОВА Р.Е.  
МАҚҰЛБЕКОВА А.А.**  
БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ӨЗІНДІК  
ДАМУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ДАЯРЛЫҚТЫҢ РӨЛІ  
78

**СМАНОВА А.А.**  
КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДІ  
ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ  
91

**КУЛЬБАЕВА Б.С.**  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ -  
ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ САПАСЫ  
**100**

**НУРАДИН Г.Б.**  
БЕЛСЕНДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА АРҚЫЛЫ  
СТУДЕНТТІ КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ ТИІМДІ  
ЖОЛДАРЫН АНЫҚТАУ:  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ  
**113**

**ЖОЛДАСБЕКОВ АБДИМАНАП**  
**АЛЫПТЕКИН ЗЕЙНЕЛ**  
**ДАНИЯРОВ Т.А.**  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚ САПАСЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗІ  
**134**

**БОЛАШАҚ БИОЛОГ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ  
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ  
ЖОЛДАРЫН ДАМУ**

**Қырбасова Э.А.**

Мақалада биология пәндерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту арқылы студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру туралы берілген. Көптілді болу – уақыт талабы.

Көптілділік – соңғы жылдары академиялық тұрғыда көп көңіл аударылып келе жатқан өте кең таралған құбылыс [1]. Әлемнің көптеген елдерінде негізгі немесе тіпті, оқу бағдарламаларын ағылшын тілінде жүргізу кең етек алуда. Бірақ кейбір елдерде мұндай әрекеттің кері әсерлері блуы мүмкін деп санап, сабақтарды қайтадан өз тілдерінде жүргізуде. Көбісі өз мамандары болмағандықтан тілдер әлсіреп, ағылшын тілі ұлттық тілмен немесе олардың ұлттық тілі ағылшын тілімен алмастырылуы мүмкін деп те қауіптенеді. Бұл жергілікті мәдениетке де сонымен қатар, халықаралық қатынастарға да әсері болуы

мүмкін. Тілге қатысты маңызды шешімдер көп жағдайда мансап үшін ағылшын тілінің қажеттілігінен туындайды [2].

Бүкіл әлемде соңғы он жылдықта экономикалық және саяси өзгерістер жүріп жатыр. Бұл өзгерістер бүкіл әлемдік оқыту мен оқу жүйесіне де өз үлесін қосуда. Көптілді практикаға бағытталған білім беру туралы ЮНЕСКО-ның «Көптілді әлемде білім беру» атты құжатында нақты қадамдар берілген [3].

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында: «Үкіметке тиісті ұсыныстар беруді тапсырамын. Атап айтқанда, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірленсін. Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, бүгінде ағылшын тілі – жаңа технология, жаңа индустрия, жаңа экономика тілі. Қазіргі кезде 90% ақпарат ағылшын тілінде жарияланады. Әрбір екі жыл сайын олардың көлемі 2 есе ұлғайып отырады. Ағылшын тілін меңгермей, Қазақстан жалпы ұлттық прогреске жете алмайды.» деп ағылшын тілін меңгерудің өзектілігін нақты айтып кетті [4].



Мектепте оқу пәндерін қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде жүргізу үшін ең алдымен пәндік біліммен қатар осы тілдерді меңгерген мұғалімдер қажет.

Осыған байланысты, біздің университетімізде де білім беру жүйесі көптілділікті дамыту бағытында жүреді. Биылғы оқу жылында 1-курсқа қабылданған 5B011300-биология мамандықтарының студенттерінің оқу жұмыс жоспары бойынша элективті кәсіби пәндердің 50 %-ы қазақ, 30 %-ы ағылшын және 20 %-ы орыс тілдерінде жүргізілетін болады. Биология пәндерін үш тілді саясатта оқыту біртіндеп іске асырылады. Екінші курста өтілетін «Кәсіби қазақ/орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» кәсіби жоғары білім берудің практикалық - бағдарланған сипаттағы және әлеуметтік-экономикалық жаратылыстану және кәсіби циклдардағы пәндермен пәнаралық байланыстары ескеріліп жазылған пән болып табылады. Ол биология саласындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шет тілін кәсіби деңгейде қолдана білу дағдыларын жетілдіруге және дамытуға бағытталған.

Педагогикалық білім бағытындағы бакалаврдың жалпы

педагог ретінде қалыптасуы, оның педагогикалық білімі мен білігінің дамуы және білім беру үдерісіндегі әдістерді меңгеруі үшін жалпы мәдениеттік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет. Бірақ педагог пән мұғалімі (мысалы, биология мұғалімі) болу үшін, тек оқу материалын білу жеткіліксіз. Педагог ең алдымен, арнайы пән бойынша кәсіби қызметіне қажет көлемде білім, білік, дағдысы, яғни оның пән саласының ерекшелігіне сәйкес арнайы құзыреттіліктері қалыптасқан болуы керек [5]. Себебі, маман дайындау сапасы оның заманауи әлемнің жылдам өзгеруі жағдайына бейімделу қабілетімен және тиімді кәсіби іс-әрекетімен яғни, кешенді кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру деңгейімен анықталады. Сократ-Эразмус Еуропалық комиссиясының білім беру бағдарламасы аясында Деусто (Испания) және Горнинген (Нидерландия) университеттерінің жетекшілігімен жүргізілген TUNING жобасында құзыреттіліктің төмендегідей топтарын ажыратып көрсетті: жалпы, арнайы және мамандандырылған [6]. Жалпы құзыреттілік үшке бөлінеді: инструментальды, тұлғааралық және жүйелік. Соның ішінде, инструментальды құзыреттілікке жататыны – ана тілі

мен шет тіліндегі коммуникативтілік қабілетін дамыту. Осы тұрғыда тұлғаның кәсіби коммуникативті құзыреттілігі барлық кәсіби құзыреттіліктердің стержені болып табылады. Көптілді білім беру нәтижесінде әртүрлі коммуникациялық жағдайда қарым-қатынасқа түсе алатын құзыретті көп тілді тұлға қалыптасады. Ол өз кезегінде әртүрлі халықаралық жобаларға, конференцияларға қатыса алады, дәрістер тыңдайды, басқа ұлт өкілдерімен өз мамандығы және ғылыми жұмыстары бойынша еркін тілдеседі, ғылыми баяндамалар жасайды, шет елдік серіктестерге іскерлік хаттар құрастырады.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Әр адамның рухани-адамгершілігін арттыру үшін, бүгінгі тез өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп, еңбек ету үшін жан-жақты болу қажет. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық, оқу-әдістемелік т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік ілгері тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдаланып,

халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем арена­сына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осы бағытта балабақшалар, мектептер, ЖОО-дары өз үлесін қосуда. Нарықтық экономика еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды қажет ететіні белгілі. Бұл оқу орындарының барлық салаларына жаңа талап, жаңа міндет, жаңа мақсаттар жүктейді. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу [7].

Көптілді блім беруді өзара байланысты және бір-біріне тәуелді әлем жағдайындайында жас ұрпақты дайындауда маңызды құрал деп қарастыруға болады [8].

Көптеген шет елдерде көптілділік қалыпты жағдай. Мысалы, Италияда техникалық мамандықтар үшін ағылшын тілін білу міндетті, ал Қытай мектептерінде бұл негізгі оқылатын тіл.

Интернет желісінде ең кең таралған тіл – ағылшын тілі. Ондағы ақпараттардың 57% ағылшын тілінде берілген.

Сонымен қатар, ғылым, медицина, техника, экономика, спорт, туризм, сауда және т.б. салаларда ағылшын тілі маңызды рөл атқарады. Қай елдің ғалымы болса да өз ашқан жаңалығы немесе қызықты зерттеу нәтижелерін ағылшын тілінде шығатын ғылыми басылымдарда жариялайды. Ағылшын тілі көптеген халықаралық ғылыми, техникалық, кәсіби конференциялардың, симпозиумдардың және семинарлардың жұмысшы тілі болып табылады [9].

10

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және планетарлық ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңда білім жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі [10].

**Зерттеу бөлімі.** Бүгінгі күні ғылымның,

техниканың, ақпараттық және инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы кезеңінде болашақ мұғалімдерде қалыптастырылатын кәсіби құзыреттіліктерінің бірі ағылшын тілін меңгерту болып табылмақ.

Осыған байланысты, бідің университетімізде де білім беру жүйесі көптілділікті дамыту бағытында жүреді. Биылғы оқу жылында 1-курсқа қабылданған 5B011300-биология мамандықтарының студенттерінің оқу жұмыс жоспары бойынша элективті кәсіби пәндердің 50 %-ы қазақ , 30 %-ы ағылшын және 20 %-ы орыс тілдерінде жүргізілетін болады. Биология пәндерін үш тілді саясатта оқыту біртіндеп іске асырылады. Екінші курста өтілетін «Кәсіби қазақ/орыс тілі» және «Кәсіби бағытталған шет тілі» кәсіби жоғары білім берудің практикалық- бағдарланған сипаттағы және әлеуметтік-экономикалық жаратылыстану және кәсіби циклдардағы пәндермен пәнаралық байланыстары ескеріліп жазылған пән болып табылады. Ол биология саласындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шет тілін кәсіби деңгейде қолдана білу дағдыларын жетілдіруге және дамытуға бағытталған. Бұл екі пәндер міндетті компоненттерге жатады.

Биологиялық терминдерді, анықтамаларды және заңдылықтарды 2-ші курста орыс және ағылшын тілінде меңгеріп алғаннан кейін, оқу жоспарына сәйкес 3-курста элективті кәсіби пәндер орыс және ағылшын тілдерінде өтіледі.

Еліміздің жоғары оқу орындарына көптілді білім беруді енгізуде Білім беру және ғылым министрлігі тарапынан нақты қадамдар жасалып отыр. Болон үдерісінің басты шарттарының бірі – ол білім алушылардың ұтқырлығы болып табылады. Бұл мәселеде қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде жақсы жолға қойылған. Ұтқырлық бағдарламасы бойынша университетіміздің студенттері мен магистранттары Силезия университетіне және Миссисипи (АҚШ) Валлей мемлекеттік университетінде білім ала алады. Жылдан-жылға өзінің ана тілмен қоса ағылшын тілін жетік меңгерген студенттер саны артып келеді.

Қазіргі Қазақстандық жоғары оқу орындарының үш тілді білім беру жағдайында кәсіби бағыттылықты дамытудың ерекшеліктеріне студенттердің білім алу траекторияларын өз беттерімен тиянақты жоспарлауы; бірыңғай халықаралық жоғары білікті еңбек нарығында

бәсекелестік қабілетке дайындығын дамыту. Сондықтан, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілдіңді құрметте» демекші жас ұрпақтың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылығы мен талпынысын арттыруымыз керек және де сол арқылы Отанға деген патриоттық сезімі жұдырықтай жүректерінде оттай лаулап тұратын тұлға тәрбиелеуді – басты міндетіміз деп білуіміз керек [11].

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, бүгінгі күні біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі – өз ана тіліміз бен мәдениетімізді дамыта отырып, көп тілді тұлға қалыптастыру. Әртүрлі этникалық және конфессионалды топ өкілдері тұратын көптеген елдердің білім беру практикасында көптілділікті ендіру негізгі мәселенің бірі болып табылады. Көп тілді білу уақыт талабы, ол арқылы адамдар бір-бірімен түсініседі, яғни көптілді білім беру нәтижесінде әртүрлі ұлт, нәсіл, діни өкілдерімен бейбітшілікте және көп ұлтты, көп мәдениетті ортада белсенді өмір сүру қабілеті бар тұлға қалыптасады.



### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [Jasone Cenoz](#) Defining Multilingualism. Volum 33 March 2013 , pp. 3-18

2. Angela Rogers. Multilingualism in education: the role of first language. Indonesian Journal of Applied Linguistics, Vol. 4 No. 1, July 2014, pp. 1-9.

3. Navin Kumar Singh; Shaoan Zhang; Parwez Besmel. Globalization and language policies of multilingual societies: some case studies of south east Asia. Rev. bras. linguist. apl. vol.12 no.2 Belo Horizonte Apr./June 2012.

4. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

5. Кырбасова Э.А., Кеңесбаев С.М., Дюскалиева Г.У. Болашақ биолог мамандарының кәсіби құзыреттіліктерінің мазмұны мен құрылымы. ҚазМемҚызПУ профессор Қазна Аймағамбетқызы Аймағамбетованың 80 жылдығына арналған «Қазіргі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру: теориясы, әдістемесі мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 6-шы секция:

«Үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби дамуы». Алматы, - 2017. 185–188 б.

6. TUNING Educational Structures in Europe Deusto P. 70-73

7. Абдиркенова А.К. Көптілділік – заман талабы. «Қазіргі әлемде көптілділік және мәдениет тоғысындағы білім беру» – Кросскультурное и полиязычное образование в современном мире: Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары– Қостанай, 2013 ж. – . 2013. 221-223 б.

8. Жаданова, К.Х. Культурологический аспект полиязычного образования // Наука и образование. – 2013. – № 2(69). – С. 33.

9. Шарипов К.О., Омирзакова К.К., Жакыпбекова С.С., Мухамадиева Е.О., Яхин Р.Ф. Полиязычное образование как фактор подготовки конкурентноспособных медицинских специалистов // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, №2 (50), 2016 ж. – 18-22 б.

10. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте оқыту процесінде көптілділікті дамыту мәселелері / Әдістемелік құрал. – Астана 2013.

11. Раманова Л.Б. Студенттерге көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін дамыта оқыту ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 3(51), 2016 ж. – 79-82 б.

**БОЛАШАҚ БИОЛОГТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-  
ЗЕРТТЕУШІЛІК  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ  
(«ДӘРЛІК ӨСІМДІКТЕР ҚОРЫ» ПӘНІ  
ТӘЖІРИБЕСІНДЕ)**

**Кырбасова Э.А.  
Дюскалиева Г.У.  
Кенесбаев С.М.**

17

---

Мақалада педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ биологтардың ғылыми-зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық негіздері берілген.

Бүгінгі таңда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары оқу орындарында маман дайындауда ең қажетті негізгі компоненттердің бірі, оқу үдерісінің құрамдас элементі болып табылады. Осыған байланысты оқу үдерісін студенттер оқу бағдарламасына сәйкес білім алып қана қоймай, сонымен қатар алған білімін өзбетінше жетілдіре

білетін, ғылыми мәселелерді шешуде ғылыми-зерттеу әдістерін меңгерген, әртүрлі ақпарат ағындарын жалпылап және анализдей алатындай етіп құрастыру қажет. Ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы оқытушының негізгі міндеті - студенттерді ғылыми жұмыстарға тартуға ықпал ету. Оқытушының жоғары профессионализмі, педагогикалық шеберлігі студенттердің ғылыми жұмысқа деген қызығушылығын тудырады және соның нәтижесінде шығармашылық сипаттағы танымдық белсенділігін арттырады [1].

Студенттердің, магистранттардың ғылыми-зерттеушілік жұмыстары деп ғылыми жұмыстарды орындауда әдістер мен дағдыларды игеруге бағытталған іс-шаралар жиынтығын айтуға болады. Студенттердің ғылыми-зерттеушілік жұмыстарын дамыту мен жетілдіру – студенттердің танымдық іс-әрекеттерін белсендірумен, шығармашылық ойлау қабілеттері мен зерттеушілік құзыреттіліктерінің дағдысын қалыптастырумен тікелей байланысты педагогиканың негізгі міндеттеріне кіреді.

Инновациялық білім беру үдерісінде жоғары оқу орындарының білім алушыларының ғылыми-

зерттеушілік іс-әрекеттері өзекті және болашақ мамандарды кәсіби дайындауда негізгі компоненттердің бірі болып табылады [2].

Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігі – ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет үрдісінде қалыптасатын тұлғаның дайындығы, оған ғылым құндылықтары мен нормаларын, зерттеушілік іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруі, жаңа білімдер жүйесін өз бетімен игеруі, нәтижені алуға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді білуі, өзінің зерттеушілік әрекетінің рефлексиясын жүзеге асыруы, педагогикалық және психологиялық зерттеуді жүргізуге дайындығы жатады [3]. Жоғары оқу орнында білім алушылардың ғылыми жұмыстары теориялық және қолданбалы мәселелерді тиімді шешуге қабілетті, заманауи мамандардың кәсіби және шығармашылық дағдыларын қалыптастырады [4].

Биология мамандығының студенттері мен магистранттарының ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру білім берудің барлық кезеңдерінде міндетті және элективті пәндерді оқыту барысында іске асырылады. Әр пәннің өз ерекшеліктері бар. Мысалы, биология мамандығы магистранттарында жүргізілетін «Дәрілік өсімдіктер қоры» элективті

пәнінің пәнаралық ауқымы өте кең: ботаника, экология, генетика, химия, тарих, медицина пәндерімен өте тығыз байланысты. Осыған байланысты бұл пәннің зертханалық сабақтарында орындалатын жұмыстар да әртүрлі бағытта болады.

Соңғы жылдары білім беруді модернизациялаудың басты идеяларының бірі құзыретті дамыту болып отыр. Құзырет білім берудің мақсатына жетуде маңызды педагогикалық шарт болып табылады, өйткені ол құзыреттіліктің арқасында үйренуші өзінің субъективті тәжірибесін белсенді тұтынушы бола алады [5]. Жоғары білімді маман, оны тұлға және маман ретінде сипаттайтын құзыреттіліктің белгілі түрлерін меңгеруі қажет. Көптеген педагогтар білім беру үдерісінің интегралды нәтижесін сипаттайтын мамандардың оқу бағдарламасында берілетін «білім-білік-дағды» үштігінің жетіспеушілігін түсінді. Құзыреттілік сияқты төртінші элементті қосу арқылы білім алушылардың деңгейін болжауға болады [6].

Педагогикалық білім бағытындағы бакалаврдың жалпы педагог ретінде қалыптасуы, оның педагогикалық білімі мен білігінің дамуы және білім беру үдерісіндегі әдістерді меңгеруі үшін жалпы

мәдениеттік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажет. Бірақ педагог пән мұғалімі (мысалы, биология мұғалімі) болу үшін, тек оқу материалын білу жеткіліксіз. Педагог ең алдымен, арнайы пән бойынша кәсіби қызметіне қажет көлемде білім, білік, дағдысы, яғни оның пән саласының ерекшелігіне сәйкес арнайы құзыреттіліктері қалыптасқан болуы керек [7]. Бүгінгі күні жоғары кәсіби білім берудің негізгі талабы білім алушыларды ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы дайындау болып табылады. Педагогтардың зерттеушілік құзыреттіліктерін оның кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерінің бір компоненті ретінде қарастыру қажет. Бұл құзыреттілікті қалыптастыру студенттерге тікелей зерттеушілік іс-әрекеттерін жүргіздіру барысында іске асады.

**Негізгі бөлім.** Зерттеушілік құзыреттілігі студенттер танымының ойлау, іздену, логикалық, шығармашылық үдерістерімен байланысты білім беру құзыреттіліктерінің тұтас кешенін құрайды. Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру кезінде теориялық материал саналы түрде меңгеріледі, негізі ұғымдардың белгілері ажыратылады, білім көлемі кеңейеді, әр түрлі



дағдылар мен біліктіліктер қалыптасады, басқа пәндермен сабақтасады [8].

Оқушыларды экология және биология бағытындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу арқылы өзекті тақырыптармен, заманауи әдістермен, жабдықтармен таныстырып қана қоймайды, сонымен бірге зертханалық жұмыстарды жүргізу дағдысын да қалыптастырады. Осыған байланысты студенттерді кәсіби маман ретінде дайындауда танымдық іс-әрекеттер мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы зор [9]. Биология мамандығы студенттерінің ғылыми зерттеушілік құзыреттіліктері білім берудің барлық кезеңдерінде, міндетті және элективті пәндерді оқу барысында қалыптастырылады. Әр пәннің өз ерекшеліктері бар. Мысалы, биология мамандығы магистранттарында жүргізілетін «Дәрілік өсімдіктер қоры» элективті пәнінің пәнаралық ауқымы өте кең: ботаника, экология, генетика, химия, тарих, медицина пәндерімен өте тығыз байланысты. Осыған байланысты бұл пәннің зертханалық сабақтарында орындалатын жұмыстар да әртүрлі бағытта болады.

Ерте заманнан адамдар әртүрлі ауруларға қарсы ем ретінде дәрілік өсімдіктерді қолданып келеді.

Өсімдіктердің дәрілік қасиеті туралы мәліметтер ерте кездегі Қытай, Еуропа, Грек мәдениеттерінен кездестіруге болады.

Өсімдіктер патшалығы потенциалды дәрілер қазынасы болып табылады, соған байланысты соңғы жылдары дәрілік өсімдіктердің маңыздылығы артып келеді. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша дәрілік өсімдіктер көптеген дәрілер алынатын шикізат көзіне айналып отыр [10]. Бірақ ондай өсімдіктерді зерттеп, олардың қасиетін, қауіпсізділігін, тиімділігін және табиғаттағы қорын анықтау керек. Мұндай зерттеулермен көптеген мамандықтар айналысады. Мысалы, фармацевтер, химиктер, биологтар және т.б. солардың ішінде, биологтар дәрілік өсімдіктердің анатомиялық-морфологиялық, биохимиялық, генетикалық, экологиялық және т.б. ерекшеліктерін зерттейді.

Кафедрамыздың 6М011300-биология мамандығының магистранттары «Дәрілік өсімдіктер қоры» элективті пәнін оқу барысында төмендегідей зертханалық жұмыстар жүргізе алады:

- анатомиялық зерттеу – дәрілік өсімдіктердің жерасты және жерүсті мүшелерінің көлденең кесіндісі

бйынша ішкі құрылысының ерекшеліктері қарастырылады. Өсімдіктер анатомиясын зерттеуде жаңа әдістер, электрондық микроскоп, гистохимиялық зерттеулер және т.б. қолданылады;

- морфологиялық зерттеу – өсімдікке сыртқы сипаттама беріледі: биіктігі, бұтақтануы, тамыры, сабағы, жапырағының пішіні мен түріне, гүлінің формуласына, жемісі және т.б;

- биохимиялық зерттеу – дәрілік өсімдіктердің дәрумендерді синтездеу, минералды заттарды жинақтауы, аралық заттардың түзілуі туралы қарастырылады;

- экологиялық зерттеуде дәрілік өсімдіктердің таралуы және қоры зерттеледі;

- молекулалық-биологиялық зерттеуде өсімдіктердің ДНҚ-лары бөлініп алынып, бірізділіктері анықталады және дендрологиялық сызбанұсқасы жасалынады.

Барлық ғылыми-зерттеу жұмысының алгоритмі болу керек [11]:

1. Тақырыпты таңдау – өзектілігін айқындап, мақсаты мен міндеттерін нақтылау.

2. Зерттеу мәселесінің қазіргі күйі – теориялық зерттеу әдістері. Тақырыпты айқындап алғаннан кейін ең үлкен жұмыс ғылыми және ғылыми әдістемелік әдебиеттерге анализ жасау.

3. Зерттеу әдістерін таңдау.

4. Нысанды зерттеу жұмысы. Ол үшін алдымен зерттеу жұмысының сызбанұсқасын жасап алу қажет. Таңдап алынған әдіске байланысты зерттеу жұмыстарында бірізділік сақталуы керек.

5. Алынған нәтижелерді өңдеу және рәсімдеу. Білім алушы зерттеу жұмысын аяқтағаннан кейін зерттеу жұмысының нәтижесін мәтін, график, кесте, сурет және т.б түрінде рәсімдейді. Оқытушы тексергеннен кейін жеткіліксіз тұстарын толықтырады.

6. Зерттеу жұмысы бойынша қорытынды шығарып, тұжырым жасайды.

Биология пәнінің мұғалімі ғылыми білім беруде екі маңызды мақсатты ескеруі тиіс: студенттердің ғалым және технология мансабын арттыруға үйрету және ынталандыру, студенттерге маңызды білім мен ғылымды және әлеуметтік мәселелерді түсінуге жағдай жасап, оларды ақпараттандырылған тұлға етіп қалыптастыру қажет. Ғылыми көзқарастағы ғалым кем

дегенде ғылыми сауаттылықтың 5 элементін меңгереді, олар: (1) ғылыми зерттеу -үдеріс ретінде; (2) ғылыми контент; (3) ғылым және техника; (4) ғылым жеке және әлеуметтік перспективада; (5) ғылым табиғаты. Оқу үдерісінде мұғалім маңызды рөл атқаратындықтан, ғылыми сауатты студенттер дайындау үшін ғылыми сауатты биология пәнінің мұғалімін дайындау қажет [12].

**Қорытынды.** Биология мамандықтарының студенттерінің, магистранттарының негізгі кәсіби іс-әрекеттерінің бірі ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Магситратураны бітірушілер педагогика және биология салаларында өз бетінше ғылыми зерттеулер жүргізе блуі, заманауи зерттеу әдістері мен технологияны кешенді қолдана отырып ғылыми жұмыстарды жүйелеп, анализ жасап, алдына қойған ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде жеке шығармашылық қабілеттерін қолдана алуы қажет. Биология пәнінің заманауи мұғалімі ғылыми зерттеу дағдыларын өзі меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге мектепте оқу іс әрекеттерінің тиімділігі мен оқушылардың оқуға деген ынталарын арттыру

мақсатында оқу-зерттеушілік және жобалық іс әрекеттерді де ұйымдастыра білуі керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Гогицаева О.У. Индивидуальная работа со студентами. Педагогическая деятельность в режиме инноваций: концепции, подходы, технологии: научно-методический сборник. Выпуск I / гл. ред. Романова И.В. –Чебоксары: ЦДИП «INET», 2015. – С. 107-109.

2. Легкова И.А. Роль научно-исследовательской работы обучающихся при подготовке будущих специалистов // NovaInfo.Ru. Педагогические науки. - 2017. - №71. - С.120-123.

3. Абсатова М.А., Қожан А. Студенттердің зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымы/ Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2017. – №1 (53). – 135-140 б.

4. Киселев В.В. Применение интерактивных форм обучения для развития профессионально-деловых качеств курсантов // В.В.Киселев, В.Е.Иванов, И.А.Легкова/ Новейшие достижения в науке и образовании: материалы международной научно-

практической конференции. – Смоленск, 2016. – С. 133-135.

5. Әлқожаева Н.С., Баширова Ж.Р. Педагогикалық құзыреттілікті жобалау оқытушы даярлаудың құраушы компоненті ретінде. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. №3 (46). 2015. 58-67 бб.

6. Жумашева Ж.Т. Формирование профессиональной компетентности обучающихся. Международный ежеквартальный научный экономический журнал: Reforma. - 2010. - №4(48). - С. 84-86.

7. Кырбасова Э.А., Кеңесбаев С.М., Дюскалиева Г.У. Болашақ биолог мамандарының кәсіби құзыреттіліктерінің мазмұны мен құрылымы / ҚР ҒБМ Қазмемқызпу профессор Қазна Аймағамбетқызы Аймағамбетованың 80 жылдығына арналған «Қазіргі мектепке дейінгі және бастауыш білім беру: теориясы, әдістемесі мен тәжірибесі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. II бөлім. 6-секция. Үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың кәсіби дамуы. Алматы, – 2017. – 185-188 б.

8. Самашова Г.Е., Абильгазин Б.И., Бакина Ю.А. Болашақ педагогтардың зерттеушілік қүзыреттілігін қалыптастыру жағдайы. / Университет еңбектері. Республикалық журнал. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2016. – №2. – 92 – 95 б.

9. Козлов А.В., Уромова И.П. Научно-исследовательская деятельность обучающихся как основа реализации профессиональных компетенций / «Вестник Мининского университета». – 2017. – №1.

10. Arunkumar S, Muthuselvam. Analysis of phytochemical constituents and antimicrobial activities of aloe vera L. against clinical pathogens, World J Agril Sc. 2009. – № 5(5). – P. 572-576.

11. Ковалев В.П., Иванова Т.А. Формирование исследовательской компетентности у будущих бакалавров по направлению подготовки «Педагогическое образование» (Профили «Химия» и «Биология»). – Вестник ЧГПУ им. И. Я. Яковлева. – 2015. – № 2 (86). – С. 149–153.

12. Hadi S., Anisah M., Lailil M. Scientific Literacy of a Third Year Biology Student Teachers: Exploration study. [Kne Social Sciences & Humanities. The 4th International Conference on Language, Society and Culture in Asian Contexts \(LSCAC\)](#). 2017. – P. 269-278.



# **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Мұратбаева Гулнар  
Қоңырбаева Сараш  
Садирбекова Динара**

Бұл мақалада, болашақ педагогтардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі, оның жіктелуінің қажеттілігі қарастырылған. Басқарушы болу үшін, педагогтің қабілеттерді бойына жинақтау керектігі, мәселелерді шығармашылықпен шешу мүмкіндігі, білім алушыларға идеяларды жеткізе білу, сендіре білу, өзгелерді зейін қойып тыңдай білу, қарым-қатынасқа дұрыс түсе білу, қызығушылық аясының кең болуы, адалдық, өзіндік сыйластық, өз-өзіне деген сенімділік, барлық жағдайға сәйкес өзін-өзі ұстай білуі жайлы айтылған. Бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріндегі басқарушылық қабілеттерді қалыптастыру жайлы мәселелері қарастырылған. Болашақ педагогтардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби

іс-әрекетте қолданылатын міндеттер мен мақсаттарды қабылдау қамтамасыз етіліп, жеке мотивтер мен ұстанымдардың жүйесіне қатынасы, құндылықтар ретінде болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерінің дамуы мен бекітілуі, өзін кәсіби маман ретінде сезінуі, кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігінің дамуы, осындай сапаларға ие болашақ педагог маман көптеген қиын жағдайларда дұрыс шешім таба алушы, өз соңынан ерте білетін көшбасшы болады деп көрсетілген.

Басқарушылық қабілеттерді қалыптастыру мәселесінің өзектілігін айқындау үшін, болашақ педагог мамандардың басқарушылық қабілеттерінің жіктелуін қарастыру қажет. Лидер болу үшін, педагог төмендегідей қабілеттерді бойына жинақтау керек: мәселелерді шығармашылықпен шешу мүмкіндігі, білім алушыларға идеяларды жеткізе білу, сендіре білу, өзгелерді зейін қойып тыңдай білу, қарым-қатынасқа дұрыс түсе білу, қызығушылық аясының кең болуы, адалдық, өзіндік сыйластық, өз-өзіне деген сенімділік, барлық жағдайға сәйкес өзін-өзі ұстай білуі. Еліміз әлемдік білім кеңістігіне енуде білім беру парадигмасының өзгеріп, инновациялық технологиялар

негізінде жаңа тұрпатты маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған өскелең ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отырғаны бәрімізге мәлім.

Қазақстан Республикасының Президенті - Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында адами капиталдың сапалы өсуі бұл, ең алдымен білім беру мен денсаулық сақтау. Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттыру, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет, - деп атап көрсеткен [1]. Осыған орай, болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру үдерісін зерттеу мәселесін басқару ғылымының тарихына жүгіне отырып қарастырамыз. Менеджмент ғылымының дербес ғылым ретінде қарастырған алғашқы ғалымдар Ф.У.Тейлор мен А.Файолді атауымызға болады. Ф.У.Тейлор менеджментті ғылым ретінде қарастырып, оның негізіне

іс-әрекетті жоспарлау бөлімін оның орындалуынан бөліп тұрушы заңдар, ережелер және принциптер кіреді деп пайымдаған. Өнеркәсіпті басқару мәселесіне, басқарушы әдістеріне, оның жұмыс істеу стиліне Ф.У.Тейлор аса назар бөлген. Ол ғылыми басқару теориясының бастауы болған қорытындыны қалыптастырған: басқару бойынша жұмыс – бұл бегілі бір мамандық, және мекеме әрбір қызметкер өзіндік жұмысын тиімді орындау кезінде табысқа жетеді [2]. Ф.У.Тейлор адамды және затты басқару үдерісін талдауға бірегей амал қолдануды жөн көрген. Ф.У.Тейлормен бірге А.Файоль басқаруды үдеріспен және бірқатар қызметтер орындалуымен байланыстырған: алдын ала сезе білу, ұйымдастыру, реттеу, бақылау сияқты. А.Файоль тұлғаның төмендегідей басқару қабілеттерін ерекшелейді: құзыреттілік және тұлғааралық өзараәрекеттестік тәжірибесін иемдену. Ғалым пікірінше, жақсы басқарушы өзіне жауапкершілікті алу күшіне ие болу керек және оған өз ізбасарларын сендіре білу керек [3,б.23]. Оның ойынша басқарушылық қабілетті жаттықтыру арқылы дамытуға болады. Педагог мамандығы үнемі тұлғаның басқарушылық

кабілеттерінің көрінуін талап етеді. Дегенмен бұл білім беру аясында басқарушы мамандығын ерекшелеуге кедергі келтірмейді. Басқару ұғымының ең алғашқы теоретиктері ежелгі философтар болды деп айтсақ кателеспеспіз :

- Конфуций - «Ізгілікті басқару» ешбір өзге мүмкіндік берместен басқару, үнемі адамдарға қамқорлық жасау, сонымен қатар қоғам мүшелері арасында міндеттерді бөлуде қатаң әлеуметтік дифференциация иерархиясы. Сонымен бірге мемлекет басшы мен оның көмекшілерінің даналығына сүйену қажет.

- Платон - мемлекетте әрбір қоғам мүшесі өз ісімен шұғылдану қажет, өзге адамдар ісіне кірігуге болмайды, бұл талап тұтас құрылымға бағынуды және соған еңбек етуді көрсетеді. Идеалды мемлекетте жеке меншік жоқ, әйелдер мен еркектер құқықтары тең, баланы мемлекет тәрбиелейді, ең мықты мен текті қоғам мүшелері басқарады. «Заң күші жүрмейтін, өзгеге бағынушы мемлекет құрдымға кетеді» Платон пайымдауынша, адамды басқара білу «өте күрделі және еңбекпен қолжеткізуші білік», және ол үнемі философтар назарында болған.

- Аристотель - «Әрбір мемлекет белгілі бір қоғамдық тұрғылықты орын». Мұнда, Платон идеалды мемлекетіне сын айтылған, жеке мүлік және қоғамдағы отбасын сақтау қажеттілігін қорғау керек деп айтқан. Негізі айғақ: «Көп адам иелік еткен мүлікке аз назар бөлінеді»

- Мұхамед Әбу Насыр әль Фараби – идеалды мемлекет қандай болу керектігін ойланып, басқару рөліне және оның адамгершілік құндылықтарына басты назар бөлген.

- Николло Макиавелли - Аристотелдің басқару теориялары туралы ойлармен келіскен, мемлекетті басқарудың негізгі түрткісі – елің үшін барлығынан бас тарту. «Адамдарды мейірімділікпен баулу қажет немесе олардан мүлдем құтылу қажет».

Басқарудың ғылыми мектебі негізін салушылар Ф.Тэйлор, Ф.Гилбрет, Л.Гилбрет, Г.Эмерсон, Генири, Кант. Олардың пікірінше, басқару - бұл ерекше мамандық ал ол туралы ілім өзбетінше пән. Негізгі ерекшеліктері: ғылыми басқару мектебін ұстанушылар логикалық талдау мен бақылауды қолдана отырып, жұмысты тиімді орындау үшін жекелеген операцияларды ғылыми жетілдіруді ұсынады.

Ғылыми басқару әдістерінің бірінші кезеңі – жұмыстың мазмұнын талдау және оның негізгі компонентін анықтау. Негізгі ғылымға қосқан үлесі өндірістің өнімімен көлемін үлкейте отырып, жұмысшыларды белсендіру мақсатымен ынталандыруды жүйелі қолдануды ұсынды. Бұл басшылардың өндірістік нормаларды қалыптастыруға мүмкіндік беруі. Жоғарыда айтылғандар жалпы басқарушылық ұғымына берген ғалымдардың ойлары болса, енді нақты педагог мамандары үшін бірқатар ғалымдардың зерттеулеріне келетін болсақ, XIX ғ.соңында П.Ф.Каперев жұмыстары жарық көрді. Ол педагог тұлғасының сапаларына және жалпы адами қасиеттеріне аса назар бөлген. П.Ф.Каперев атап өткендей: «Мұғалім тұлғасы оқыту жағдайында бірінші орынға ие» [4, б.595]. Оның пікірінше, педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігінің басты факторы төмендегідей педагогтың «тұлғалық сапалары»: барлығын бірігей қабылдай білу, сезімталдық, адалдық, төзімділік, шыдамдылық, қоршағандарға деген мейірімділік.

XX ғасырдың бастапқы кезінде білім алушылардың басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселелерін қарастырушы жұмыстар

пайда болды. Осылайша, В.П.Вахтерев «Жаңа педагогика негіздері» атты өз жұмысында педагог – басқарушылар рөлін ерекше атап көрсеткен, олар топ бағытын анықтап, оның мүшелерін өз көңіл күйімен ынталандырады. Бұл кезеңге сәйкес зерттеулерде А.С.Залужный жұмыстары аса қызығушылық тудырады, тұлға басқарушылық сапаларын қалыптастыру, лидерді тәрбиелеу мәселесіне арналған. Автор педагог – басқарушының белсенділік, сана даму деңгейінің жоғарлығы сияқты қабілеттерді ерекшелейді.

Педагогтың басқарушылық іс-әрекеті К.Д.Ушинский еңбектерінде көрініс тапқан. Оның пікірінше, басқарушы администратор және педагог болуы керек. К.Д.Ушинский ерекше назарды басқарушы тұлғасына, педагогқа, оның кәсіби деңгейіне, еңбекқорлық, табандылық, патриотизм, ізгілік, мейірімділік, тәртіпке бағына білу сияқты қабілеттеріне аударған. Барлық бұл қабілеттерді ғалым пікірінше, халықтық принцип негізінде тәрбиелеу қажет деп білген. Өз жұмыстарында ол лидердің басты қасиеттерін анықтаған, мысалы – ашық сана, практикалық ой, көптеген адам іс-әрекетін ұйыдастыруға қабілеттілік. Осы кезеңде басқарушыларды дайындауға арналған



көптеген білім беру орталықтары ашылды. Педагогке деген қарым – қатынас түрі өзгерді: бұл өте сауатты, саяси тұрғыда білімді қоғам мүшелері болды. Педагог бала тәрбиесімен айналысып – мемлекет болашағын құрды. Ол оқыту мен тәрбиелеу іс-әрекеттерін сауатты орындауға міндетті болды, кәсіби негізде оқыту, тәрбиелеу, ағартушылық және басқару қызметтерін орындау қажеттігі туындады.

Педагогикада лидерлік мәселеге назар бөлген алғашқы ғалымдардың бірі А.С.Макаренко болды. Оның пікірінше, толыққанды тұлға қалыптастыру негізі ұжымдық тәрбие беру болып табылады. А.С.Макаренко педагогикалық көзқарастар жүйесінде бірінші орынға тәрбиеленушілердің өзіндік басқару мәселесі шығады. «Өзін – өзі басқару ең тиімді тәрбие құралы болуы мүмкін» - деп жазған [5, б.65]. А.С. Макаренко пікірінше, ұжым және әрбір тәрбиеленуші өзіндік басқару арқылы төмендегідей тұлғаның басқарушылық қабілеттерін қалыптастырады: тәртіпке бағыну, сергектік, өмірге деген құштарлық, табандылық, ұйымдастырушылық, төзімділік, өзіндік күшіне сенім, мақсаттылық, шыдамдылық.

Басқарушыларды дайындауға Н.К.Крупская маңызды мән берген. Ол лидерлікті қалыптастыру мәселесін кезіндегі пионерлік мекемелер аясында қарастырған. Н.К. Крупская және А.С. Макаренко ұйымдастырылған басқарушылық іс-әрекетті игеру маңыздылығын атап өткен. Басты назарды білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыру мен басқару біліктіліктерінің маңыздылығына бөлген: ХХ ғасырдың 50 жылдары Н.К. Крупскаяның «Мектептегі өзіндік басқару және еңбекті ұйымдастыру» деген атпен мақаласы жарық көреді. Онда автор өзіндік басқарудың маңызды қызметін ерекшелейді – білім алушылар бойындағы ұйымдастырушылық, басқарушылық біліктіліктерді дамыту, яғни басқару біліктіліктері, ұжымды басқару. Ғалым бұл біліктіліктерді төмендегідей әдістер арқылы дамытуға болады деп пайымдаған – ойын, практикалық сабақтар, еңбек мектебінің формалары, өзіндік басқару [6, б.71].

Сонымен ғылыми басқарушылық теориясы және «басқару», «менеджмент» түсініктерінің анықтамалары пайда болды. Бұл кезеңнің ерекшелігі басқару үдерісінің идеологиясы, басқару принциптерінің басымдылығы болып табылады.

80 жылдары көпқызметті педагогикалық іс-әрекетке даярлық мәселесіне назар бөлді, сәйкесінше басқарушылық іс-әрекетке. Бұл кезеңде тәрбие жұмысы бойынша әдіскерлерді дайындады, олардың базалық кәсіби іс-әрекеті ұйымдастырушылық – басқарушылық іс-әрекет болды. Бұл жылдары А.Н.Лутошкин және Л.И.Уманскийдің «Как вести за собой. Старшекласникам об основах организаторской работы», т.б. атты кітаптары шықты. А.Н.Лутошкин жұмыстары ұйымдастырушылар мен басқарушылар даярлығына арналған. Ғалым ұйымдастырушылық жұмыс негіздерін, заңдылықтарын, ережелерін, ерекшеліктерін қарастырған. Оның пайымдауынша жақсы басқарушылық ұйымдастырушылық жұмыс істі білуге байланысты, аталған істі іске асыру адам тұлғасына қатысты орын алады деп көрсеткен.

Л.И.Уманский білім алушылар топтарында лидерлікке ынталандыру мәселесімен айналысқан. Ғалымдар жұмыстарында, тек лидерлер емес, лидер болуға ұмтылушылар да және лидерлік талант ерекше түрлері басқарушылық қабілеттері атап айтылған. Бұл қабілеттер топтарының арасында өте жіңішке шектеу бар. Біздің пайымдауымызша, жалпы қабілеттерді

ерекше белгілерге жатқызуға болады. Педагогикалық білім беру мекемелерінде студенттер бойында лидерлік сапаларды дамыту бойынша тренингтер, бағдарламалар қолданылады. Ол бағдарламалар мақсаттары білім алушыларды белсенді әрекеттерге, өзіндік жетілуге, өз болашағын жоспарлауға бағытталады.

Педагогикалық менеджмент Т.И.Шамова, Ю.А.Конаржевский, М.М.Поташник, П.И.Третьякова жұмыстарында тапты. Білім беру үдерісінде оқытушылар мен білім алушылар арасында субъект - субъектілі қатынастар дамыды, ол тұста педагог және білім алушылар арасында өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық орын алды. Педагог іс-әрекеті басқарушылық сипатта болды. Бүгінгі күн педагогы әдіскер, басқарушы қызметін атқарады. Ол өз әрекетін және білім алушылар іс-әрекетін басқара алады. Лидерлікті дамыту мәселелерімен айналысушы отандық және ресейлік ғалымдар сәйкес қабілеттерді тек сабақтан тыс уақытта емес, түрлі пәндер аясында да дамытуға болатындығын айтады. Ол үшін бұл мүмкіндіктерге педагог мамандар өздері ие болулары қажет, себебі басқарушылық қабілеттері бар педагогтар,

өз кезегінде белгілі деңгейде «идеал» болады, білім алушылар іс-әрекетін ұйымдастыруға қабілетті болады.

Е.Ю.Зиминаның зерттеуінде педагогикадағы басқару практикасының тарихи аспектілері қарастырылған, болашақ педагогтың басқарушылық құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері көтерілген. Ғалым пікірінше, егер оқу-тәрбие үдерісінде интерактивті технологиялар қолданылған болса, басқарушылық ойындар, практикалық басқарушылық міндеттерді шешуде, басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру тиімді болар еді дейді.

Л.А. Ломова өз зерттеуінде болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби маңызды лидерлік қабілеттерін қалыптастыруды қарастырған. Автор лидердің төмендегідей қабілеттерін ерекшелейді: жоғары деңгейдегі кәсібилік, өз мамандығына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, тәуекелге бара білу және т.б. [7].

Қазақстанда басқару ұғымына қатысты практикалық маңыздылыққа ие жұмыс 1990 жылы жарық көрген «Мектеп директоры басқарушылық іс-әрекетін жетілдіру» атты К.Д.Каракуловтың әдістемелік нұсқаулығы, оның аясында қоғам демократизациялау

жағдайында жалпы білім беру мектептеріндегі басқаруды жетілдіру мәселелері қарастырылған [8].

Басқару функциялары іс-әрекет мазмұнын түсіну үшін негіз ретінде төмендегідей қазақстан ғалымдарының еңбектерінде қарастырылған. Б.А.Абилова, К.К.Найманбаева, Л.У.Сұлтанбаева сынды ғалымдар басқаруды шешім қабылдау, жоспарлау, ұйымдастыру, мотивация, мақсатқа сәйкес объектіні бақылау, реттеу және жаңа шешімдер мен нақты ақпарат негізінде қорытынды шығаруға бағытталған іс-әрекет ретінде түсінеді [9].

Егер басқару нәтижеге бағытталған іс-әрекет ретінде қарастырылса, онда білім беру үдерісі қатысушыларының іс-әрекетінің субъектілі тәжірибесіне назар бөлінбейді. Егер басқару өзара әрекеттестік тұрғысында қаралса, өзара әрекеттестік объектілерінің рөлі елеусіз, өзара әрекеттестік тарапынан өзара әсерді шарттаушы жеке мотивтер мен қажеттіліктер ескеріледі. Әрекет – бұл көптеген пікірді біріктіруші жалпы элемент, ол осы іс-әрекетті іске асырады. Егер басқару нәтижеге бағытталған әрекет ретінде қарастырылса, онда субъектілер белсенділігі есепке алынбайды. Барлық күш нәтижеге қол жеткізуге

жұмылдырылады, дегенмен сыртқы алғышарттар дами түседі: әлеуметтік, материалдық – техникалық, ақпараттық. Егер әсер ету ретінде қарастырылса, белсенділікке құқық тек басқарушы бөлімге беріледі, сәйкесінше тұлға дамуы мен басқарушының білімін жетілдіруге барлық күш жұмылдырылады.

«Басқару» терминін осы тұрғыда пайымдау В.Я. Назмутдинов, И.Ф. Яруллин шығарған монография қорытындыларымен сәйкес: «Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности» [10].

Аталған ғалымдар «басқару» ұғымы үш позицияда қарастырылатындығын көрсеткен: Біріншіден: басқару – іс-әрекет тұрғысында, оның мәні басқару әлеуметтік іс-әрекет түрінің бірі ретінде, заттық нәтижеге жетуді мақсат етіп қояды.

Екіншіден: бір жүйенің екінші жүйеге әсері, бір адамның келесі адамға немесе топқа әсері ретінде қарастырылған, оның мәні басқарушы объектіні өзгерту, яғни белгілі бір өзекті күйлерге ие объект бар деген сөз.

Үшіншіден: субъектілердің өзара әрекеттестігі – бұл негізде өзгерістер тек өзара байланысты емес, сонымен өзара шартталған негізде болады. Біз өзіндік

тарапымыздан басқаруды соңғы бөлімге сәйкес танымыз деген.

Біздің ойымызша, болашақ педагог маманның өзіндік орнын табуда маңызды рөлге ие оның мотивациясы. Жетістікке жету мотивтерінің басым болуы мақсаттылықты, өз – өзіне сенімділікті, табандылықты дамытады. Мұндай педагогтар барлық кедергілерді жойып, тез керекті шешім қабылдай алар еді.

Қорытындылай келе, болашақ маманның басқарушылық қабілеттерін қалыптастыру оқу-тәрбие үдерісінде кәсіби іс-әрекетте қолданылатын міндеттер мен мақсаттарды қабылдау қамтамасыз етіліп, жеке мотивтер мен ұстанымдардың жүйесіне қатынасы, құндылықтар ретінде болашақ мамандардың басқарушылық қабілеттерінің дамуы мен бекітілуі, өзін кәсіби маман ретінде сезінуі, кәсіби құзыреттілігін және педагогикалық шеберлігін дамытушы біліктіліктердің дамуы орын алады. Осындай сапаларға ие болашақ педагог маман көптеген қиын жағдайларда дұрыс шешім таба алушы, өз соңынан ерте білетін кәсіпкер болады. Сол себепті, болашақ педагог маман боламын деген білім алушы бірінші күннен бастап өз бойында



басқарушылық қасиеттерді дамытуы арқылы өзін педагогикалық шеберлік деңгейіне көтеру үшін ұмтылуы қажет екенін баса айтқымыз келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 28 қаңтар, 2012 жыл. 8бағыт.
2. Taylor F. W. The Principles of Scientific Management. – N.Y.: Cosimo Classics, 2006.-88 p.
3. Fayol H. Gloucester. General and Industrial Administration. – N.Y. : Martino Fine Books, 2013. – 142 p.
4. Каптерев П.Ф. Дидактические очерки. Теория образования//Избр. педагог, соч. - М., 1982. – 710 с.
5. Макаренко А.С. Коллектив и воспитание личности. - М.: Педагогика, 1972. - 334с.
6. Крупская Н.К. О юных пионерах. - М.: Изд. АПН РСФСР, 1957., 264с.
7. Ломова Л.А. Формирование профессионально-значимых лидерских качеств будущих учителей

музыки: Автореф. дисс. ... к.п.н.: 13.00.08 Воронеж, 2006. - 21с.

8. Каракулов К.Д. Совершенствование управленческой деятельности директора школы. – Алматы, 1990. – 28 с.
9. Абилова Б.А., Найманбаева К.К., Султанбаева Л.У. Вопросы организации управления образованием в условиях перехода на 12-летнее обучение // Менеджмент в образовании. – 2013. – №2 (69). – С. 9-11.
10. Назмутдинов В.Я., Яруллин И.Ф. Управленческая деятельность и менеджмент в системе образования личности. – Казань: ТРИ «Школа», 2013. – 360 с.

## СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ЖЕТІЛДІРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАЛАРЫ

*Сейтенова С.С.*

*Медеубаева К.Т.*

*Садирбекова Д.Қ.*

*Қылышпай Б.С.*

Мақалада жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерінің сөз мәдениетін жетілдіру қазіргі кездегі ең басты мәселенің бірі екендігі. Өйткені педагогтің негізгі қаруы –тілі, сөйлей білу шеберлігі жоғары деңгейде болу қажет. Осымен байланысты жоғары оқу орнында оқитын студенттердің тек пәндік білім (білім, дағды, іскерлік) алып қана қоймай, өз ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білу, екінші адаммен диалог құрастыруда қатысымдық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуына үлкен мән берілуі тиіс. Сондықтан да студенттердің ойлау мәдениетін жетілдіру, ол үшін проблемалық сабақтар өткізу, студенттерді үнемі іздендіру, ойландыру жұмыстары жүріп отыруы, сөз мәдениетін жетілдіру мақсатында тіліміздің байлығын, ойды беру мүмкіншілігін, сөз асылын байқату, соған бағыттау, сөз құдыретін таныту т.т. жұмыстар (барлық

мамандық иелеріне де) үнемі жүргізіліп отыруы, оған барлық ұстаздар атсалысуы тиіс екендігін және ол үшін оқытушы мен студент бірлесе әрекет етуі тиіс екендігі айтылады.

Ұлттық білім беру парадигмасы, оның басты ұстанымдары жоғары білімді маманға ерекше міндет артып отырғаны белгілі. Өйткені елімізді бәсекеге қабілетті елдердің қатарына жеткізетін, соған мүмкіндік жасайтын, ең алдымен, білімді де білікті маман екені даусыз. Демек, еліміздің экономикасын дамытатын, мәдениетін көтеретін ХХІ ғасырдың маманы қандай болуы керек дегенде, ең алдымен, өз халқының баға жетпес байлығы, төлқұжаты ана тілін жетік білетін, оның сан алуан қырларына бойлай алатын тілдік тұлға болуы міндетті. Өйткені тілін сүйген, оны қадірлей білген адам өзін де, өзгені де, мәдени құндылықтарын да бағалай алады. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деген Елбасының жолдауы да тілдің осындай құдіретінен шығып отыр. Жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерінің сөз мәдениетін жетілдіру қазіргі кезекте ең басты мәселенің бірі. Өйткені педагогтің негізгі қаруы-тілі, сөйлей білу шеберлігі. Осымен байланысты жоғары оқу орнында

оқитын студенттердің тек пәндік білім (білім, дағды, іскерлік) алып қана қоймай, өз ойын түсінікті де әсерлі жеткізе білу, екінші адаммен диалог құрастыруда қатысымдық мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуына үлкен мән берілуі тиіс.

Сонымен қатар мамандарға тілді теориялық және қатысымдық тұрғыдан меңгеріп қана қоймай, оны бар байлығымен сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші де міндеті жүктеледі. Өз ойын дұрыс жеткізе білу тек сөйлем құрай салу ғана емес, онда айтайын деген ойдың екінші адамға түсінікті, әсерлі, дәлелді болуына мән беріледі. Ондай нәтижеге жету үшін, біріншіден, тілдің қалыптасқан жүйесін, соған негізделген өзіне тән заңдылықтарын, яғни әдеби тілдің мәдениетін сақтауға тура келсе, екіншіден, сөйлеушінің айтайын деген ойының, қарым-қатынасының мақсатына сай тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді орынды, талғап қолдану мәдениеті болуы, жетілуі керек [1].

Демек, пәннен берілетін теориялық білім қатысымдық әрекетте ойдың түсінікті, әсерлі берілуінің құралына айналуы тиіс. Бұдан сөз мәдениеті ғылымы әдеби тілдің мәдениеті мен тілдік тұлғаның сөз қолдану мәдениетін бірлікте қарастыруы тиіс деген тұжырым

жасалады. Мысалы, мектепте сөз мәдениетінің негіздері, әсіресе тілдік норма, оның тілдік негіздері (әр сыныпта) өтіледі. Яғни пән бойынша оқушыда бағдарламаға сай білім мен біліктілік қалыптасуы тиіс. Ал жоғары оқу орнына келгенде студенттердің бәрі бірдей әдеби тілдің нормасына сай неге сөйлемейді? Демек, білім бәріне бірдей берілгенімен, оны іс жүзіне асыруда бірдей нәтижеге жете бермейтініміз заңды. Бұл жерде жеке тұлғаның психологиялық, танымдық, әлеуметтік т.т. қырларына назар аудару қажет, яғни зерттеуді адамға бағыттау, соның ішкі жан дүниесіне үңілу басты бағыт болуы керектігі ғылымда дәлелденуде. Демек, тілді адамның жан дүниесі арқылы зерттеу қажет, өйткені «тіл – белгілі бір қоғамдастықтың мүшесі ретіндегі тілдік тұлғаның психикасында (жан дүниесінде) өмір сүреді». «Бүгінгі таңда ана тіліміз үшін күрес екі майданда жүргізілуі керек, бірі – қазақ тілінің әлеуметтік қызмет аясын кеңейту, оны әсіресе кеңсе-іс қағаздарының да, ғылымның да, заң-сот істерінің де тіліне айналдыру болса, екіншісі одан кем түспейтін – тіл мәдениетін көтеру, тілімізді тек дұрыс қана емес, әсерлі, әдемі етіп

жұмсау үшін күрес болуға тиіс», - дейді академик Р.Сыздық [2].

Студенттердің сөз мәдениеті дағдысын жетілдіру, қалыптастыру, алға қойған міндеттер үрдісінен шығу оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыра білумен тығыз байланысты екені барлығымызға белгілі. Жоғары оқу орнындағы білім беруді ұйымдастыру формасына дәстүрлі сабақ және интербелсенді сабақ түрлері жатады. Сабақтың өтілу формасы (дәріс, семинар, практикалық сабақ т.т.) сан алуан. Өзіміздің сабақ беру тәжірибемізде білім, дағды қалыптастырудың дәстүрлі формаларын оқытудың белсенді әдістерімен ұштастырып отыруға үлкен мән беріледі. Өйткені оқытудың белсенді әдістері дұрыс пайдаланылған жағдайда үш түрлі оқу-ұйымдастырушылық міндетті іске асырады: 1) оқыту үрдісі оқытушының басқарушылық қызметіне бағынады; 2) студенттердің оқу үрдісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді; 3) оқу материалының игерілу деңгейін үздіксіз бақылап отыруға мүмкіндік береді[3]. Сондай әдістің бірі – дәріс арқылы білім беру әдісі. Оқытудың дәріс әдісі орта ғасырдан бері өз мәнін

жоймай, теориялық білім қалыптастырудың негізгі бір жолы болып келеді.

Дәріс – жоғары оқу орнында оқытудың, білім берудің негізгі буыны, оқу материалын бірізді баяндаудың жолы. Дәріс - өзекті проблемаларды игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі. Ол болашақ мамандық тұрғысынан үйренушілерді өміршеңді, күнделікті өмірден алынған теориялық проблемалар мен мәселелерді шешуге бағыттайды. Дәрісте көлемді мәліметтерді жүйелеп беру қолайлы, мұнда тақырыптың басты мәселелері нақтыланып, материалдың өзіндік тұрғыдан игерудің әдістемелік нұсқаулары беріледі.

Оның басты мақсаты – студентке теориялық білім негізін меңгерту, білімін толықтыруға нұсқау, бағыт беру. Дәрістің маңызы: студенттерді ғылымға енгізеді, «ғылыми ойлау мектебі» қызметін атқарады, игеретін пәннің ғылыми негіздерімен таныстырады, оқытудың басқа жұмыс түрлерінің (практикалық сабақ, өздік жұмыс) бағытын айқындайды, білімді игерудің, материалмен танысудың бағыттық деңгейін, жалпы нысананы қамтамасыз етеді. Жалпы нысаналық бағыт барлық ақыл-ой әрекетінің бірізді қалыптасуында



маңызды рөл атқарады. Ол дәрістің міндетімен байланысты болады. Осыған орай ақпараттың мақсаты – студентке ғылым негіздерінен жалпы мағлұмат, бағыт-бағдар беру болса, ал міндеті: студенттің танымдық қызығушылығын қалыптастыру; өз бетімен жұмыс істеуге, ізденуге үйрету; өз мүмкіншілігін тиімді пайдалануға дағдыландыру; ғылымға деген көзқарасын, ғылыми ойлауын дамыту.

Оқу үрдісіндегі дәрістің мүмкіндігін оның үш түрлі педагогикалық қызметі айқындайды: танымдық, дамытушылық және ұйымдастырушылық [4].

Танымдық қызметі студентті келешек кәсіби әрекетіне қажетті ғылыми ақпараттармен қамтамасыз етумен байланысты.

Дамытушылық қызметі студенттің оқытушымен кәсіби-зерттеушілік әрекетінде шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған тікелей қарым-қатынасына байланысты.

Ұйымдастырушылық қызметі дәрісханада және дәрісханадан тыс уақытта студенттің өзіндік жұмысын бақылай, басқара алуымен байланысты.

Білім беру үрдісінде дәріс: ғылыми (ғылым негіздерін игерту), тәрбиелік, дүниетанымдық қызмет

атқарады. Дәріс ондай қызметті атқаруы үшін, мынадай талаптарды қанағаттандыруы қажет: дәрісті өткізудің тәрбиелік жағы, ғылымилығы, ақпараттылығы, ғылымның даму деңгейіне сәйкестігі, дәлелділігі, нанымдылығы, сендіру деректерінің молдығы, тыңдаушыларының ойын дамытуы, ойлануға сұрақтар құрастырып, оны бірізді, жүйелі аша білуі; әдістемелік өңдеуі: негізгі ойды бөліп алу, тұжырымдар жасау, терминдердің мәнін ашу, жаңа білімді әр түрлі жолмен қайталау, бекіту, дидактикалық материалдарды, техникалық құралдарды пайдалану т.т. Дәріс оқылатын курсты жобалаудың әдіснамалық негізінде: ғылымилық, жүйелілік, ақпараттылық, көрнекілік және түсініктілік ұстанымдары басшылыққа алынады. Дәріске студенттердің қызығушылығын туғызу үшін оқытушы тақырыпты, оның мақсаты мен нәтижесін дұрыс айқындай білуі қажет. Тақырыпты жай айта салудан гөрі, оны проблема ретінде, сұрақ-жауап, риторикалық мәнде берген өте тиімді. Мысалы, тілдік норманы өтерде, жалпы норма оның тілге қатысы, сөз сапасына байланысты сапалы сөз, сапасыз сөз бола ма? деген сияқты мәселелер арқылы студенттің зейінін өзіне аударуға әбден болады. Тіпті мысалдар келтіру арқылы

да тақырыптың мән-маңызын ашуға болады. Дәрісте айтылатын барлық мәселені шешіп беруге де болмайды. Бұл жөнінде «барлық мәселені талдап, анықтап беру дұрыс емес, ондай жағдайда оқушы өз бетімен ойланудан қалады» деген В.А.Сухомлинскийдің пікірі осыны дәлелдей түседі. [ 5 ].

Студенттердің танымдық белсенділігін көтеруде, сыни ойлау қабілетін дамытуда дәрістің интербелсенді түрлерін пайдалану өз нәтижесін береді. Сондай дәрістің бірі – проблемалық дәріс. Проблемалық дәрістерде қарастырылып жатқан тақырып бойынша бір-біріне қарама-қарсы пікірлер мен көзқарастар немесе қалыптасқан түсінікке қайшы теориялар келтіріледі. Бұл жерде басты мақсат студентті үйреншікті қалыптан шығарып, білім игеру процесін өзіндік тұрғыдан ұйымдастыру болып табылады: студент келтірілген пікірлерді таңдау мен дәлел келтіру арқылы өзіндік түсінік қалыптастырады [6].

Проблемалық дәрісте басты назар күрделі теориялық мәселелерге аударылып, пікірталас тудыратын сұрақтар қойылады, олардың ішінен біреуін таңдауды талап етіліп, студенттердің өзіндік пікір қалыптастырылуына жол беріледі. Бұл әдіс студенттерді

проблемалық сұраққа жауап іздеуге ынталандырып, зерттеу жұмысына баулиды. Мұндай ізденіс барысында студенттердің өздері де проблемалық (екіұшты, дәлелдеуді қажет ететін, пікірталас туғызатын, түсінікке қиын, т.б.) сұрақтарды қойып, оларға өздігімен жауап беру тұрғысынан ізденеді. Сол себепті де проблемалық дәріс диалогқа және зерттеу процесіне ұқсас.

Проблемалық дәріс арқылы мынадай дидактикалық мақсаттарға жетуге болады: студенттердің теориялық білімді игеруі; студенттің теориялық ойлауының дамуы; пән мазмұнына, келешек мамандығының маңызына студенттің қызығушылығының болуы [7].

Проблемалық дәрісте қойылған мақсатқа тиімді жетуді оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеті қамтамасыз етеді. Оқытушының басты міндеті – студентке тек ғылыми ақпарат беріп қана қоймай, теориялық білімнің дамуы мен қалыптасуындағы қарама-қайшылықтарды көрсетіп, оларды, оны шешудің жолдарын табуға бағыттау. Бұл үрдіс студентті танымдық белсенділік, ойлануға қажеттілік туғызады. Студенттің танымдық әрекеті ізденушілік, зерттеушілік әрекетке негізделеді. Дәрістің барысында студенттің

ойлануы проблемалы жағдаятпен ілесіп отырады. Проблемалы жағдаяттың компоненттеріне таным объектісі (дәріс материалы) және таным субъектісі (студент) жатады. Оқу материалы оқу проблемасы ретінде беріледі. Оқу проблемасы студенттердің танымдық мүмкіншілігіне сай құрылуы тиіс. Проблемалы жағдаятқа оқу пәнінің студенттің келешек мамандығында маңызды және дәрістің дәстүрлі түрлерінде (баяндау) студенттің түсінігіне қиындық туғызатын бөлігі алынады. Дәріс ауызша сұрақ – жауап арқылы, диалогтік сипатта түсіндіріледі.

Проблемалық дәріс шешімін табуға жетелейтін сұрақ қоюдан басталады. Сұрақ арқылы оқытушы студентті бірлесіп ойлануға, дискуссия туғызуға итермелейді. Диалогтік тілдесім студенттің ойлануына тиімді жағдай жасайды. Ол үшін мынадай жағдайға мән беру қажет: оқытушы студентпен өз пікірін бөлісуші ретінде болуы; студенттің пікірімен санасушы, қызығушы ретінде көрінуі; студенттің ұсынған пікірлеріне әр түрлі көзқарастың болуын қадағалау; студенттің дәлелдемелеріне мән беру, тұжырымдар жасауға қалыптастыру; студенттердің сұрақ қоюын қадағалау, шешімін бірге іздестіруге ұйымдастыру.

Студенттердің ойлау үрдісін басқару үшін оқытушы алдын ала дайындалған проблемалық және ақпараттық сұрақтар дайындауы тиіс. Проблемалық сұрақтар студенттің бұрынғы игерген білімдерінде немесе пәнді өту барысында игерген білімдерінде болмай, оларды шешуде қиындық туғызуы тиіс. Яғни проблемалық сұрақтар әлі белгісіз құбылыстарға қатысты болады. Осыған орай студентте интеллектуалдық қиналыс пайда болады, ойланады. Ақпараттық сұрақтар бұрынғы игерген білімдерін жаңғырту, қойылып отырған мәселеге қатыстыларын естеріне түсіру мақсатында болады. Яғни ондай сұрақтардың жауабы студенттің бұрынғы игерген білімдерінде болуы тиіс. Проблемалы және ақпараттық сұрақтарды сәйкестендіре отырып, оқытушы студенттің жеке басының дамуына мүмкіндік жасайды.

Сондықтан да студенттердің ойлау мәдениетін жетілдіру, ол үшін проблемалық сабақтар өткізу, студенттерді үнемі іздендіру, ойландыру жұмыстары жүріп отыруы, сөз мәдениетін жетілдіру мақсатында тіліміздің байлығын, ойды беру мүмкіншілігін, сөз асылын байқату, соған бағыттау, сөз құдыретін таныту т.т. жұмыстар (барлық мамандық иелеріне де) үнемі

жүргізіліп отыруы, оған барлық ұстаздар атсалысуы тиіс деп ойлаймыз. Ол үшін оқытушы мен студент бірлесе әрекет етуі тиіс. Бұндай әрекеттің тиімділігі оқытудың интербелсенді әдістерін қолданумен тығыз байланысты. Оқытудың интербелсенді әдістері (дәрісті, семинарды өткізу әдістері) студенттің кәсіби білім, дағды, іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сейтенова С.С. Интербелсенді әдіс-тәсілдер арқылы студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту. Кәсіби-педагогикалық білім беруде жобалау инновациясының ғылыми негіздері" атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

2. Сыздық Р. Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы. – 2009. – 518 б.

3. Seitenova S. S., Abil A.S. Speech development of primary school children. ИМПАКТ JOURNALS

4.Бейсенбаева З. Жоғары оқу орнында сөзжасам пәнін оқытудың әдістемелік негіздері: пед. ғыл.докт. ... диссер. – Алматы, 2005. – 294 б.

5. Сухомлинский В.А. О воспитании. 5-е изд., – М.: Политиздат, – 270 с

6. Сейтенова С.С., Каныбетова Ш.А. Изучение проблем формирования языковой культуры учеников начальной школы.«Научное сообщество студентов XXI столетия»: Материалы студенческой международной заочной науоно-практическойконференции. Ч.II( 16 апреля 2012 г.) - Новосибирск: Изд. «Сибирская ассоциация консультантов», 2012.-587 с.

7. Сейтенова С.С., Омаркулова А.Б. Использование инновационных методов в повышении познавательной активности учащихся Научный журнал "Апробация" N 2 (5) 2013 ж 91-94 б. Москва



# СТУДЕНТТЕРДІҢ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

*Т.Б.Байназарова*

*Ш.О. Омарбекова*

*Д.К. Азимбаева*

Ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізудің тиімділігі оқу-тәрбие жұмысын студенттердің даярлық деңгейіне, қабілетіне, өзіндік ерекшеліктеріне, қызығушылықтарын, қажеттіктеріне қарай даралап өткізу мүмкіндігінен, студенттердің танымдық әрекетінің дербестікке, ізденіске қарай ойысуынан, студенттердің өздігінен білім алуға, қайта оқуға деген ынтасын жетілдіру мүмкіндігінен, оқытудағы пәнаралық байланыстардың күшеюі, құбылыстар мен уақиғаларды кешенді оқытудан, оқу үрдісінің икемділігінің артуы, оның жаңаруға, серпінділікке дайын болуынан, студенттердің сабақтан тыс тіршілігін ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің өзгеруі, бос уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігінен анық көрінеді.

Оқыту үрдісін ақпараттандырудың басты міндеті жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру.

Ақпараттық мәдениет – ерекше ойлау, қазіргі ақпараттық қоғам талаптарына сай болу. Ақпараттық мәдениет – компьютерлік сауаттылық, ақпараттық қарым-қатынас, диалогтік режим қабілетін меңгеру, қажетті ақпаратты іздестіруді тиімді іске асыру болып табылады. Мақалада студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жүйелеу, ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетін іске қосу қажетті факторлар есепке алу т.б шарттары көрсетілген.

Кілт сөздер (қазақша) ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік, Ақпараттық мәдениет компьютерлік сауаттылық ақпараттық қарым-қатынаспенаралық байланыс

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымында білім берудің барлық деңгейін ақпараттандырудың негізгі мақсаты мен міндеттерін, іске асыру жолдары мен механизмдерін, бағыттарын, құралдарын анықтайтын

көзқарастар жүйесі болып табылады. Ақпараттандыру – ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық үдеріс. Сонымен бірге ақпараттандырудың педагогикалық үдеріске де тікелей қатынасы бар, өйткені білім алушылардың ақпараттануы, олардың білім, біліктіліктерінің құзыреттілігін құрайды.

Соңғы жылдары білім берудің жаңа бағытына қатысты Еуропа Кеңесінің ұсыныстарына сәйкес «құзыр» ұғымына көп мән беріліп жүр. Соған сәйкес ғылыми әдебиеттерде құзыреттілік түсінігіне әртүрлі бағытта анықтамалар берілген. Мысалы, философиялық энциклопедиялық сөздігінде: құзыреттілік «компетенция» – сөзінің француз (competence – құзыретті, хабардар), латын (competentia – әділ, дұрыс қорытынды; competere – дегеніне жету, сәйкес келу, жақын келу) тілінен келгендігін, әмбебаптық тұрғыда қолданылатын термин екендігі көрсетілген [1].

Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптас- тыруға негізделген оқу іс-

әрекетін құру тұлғаның басты құндылығымен бекітілетін, оның бірегейлігін, интеллектуалдылығы мен адамгершілігі еркіндігін мойындауды талап ететін тұлғалық-бағыттылық идеялардың негізіне сүйенеді. Ғалымдардың еңбектерінде біртұтас тұлғаға-бағдарланған оқыту тұжырымдамасында, соған сәйкес оқу іс-әрекетінде арнайы ұйымдастырылуын болжайтын білім беру бағыты студент тұлғасын дамытуға бағытталады (Е.В.Бондаревская, В.В.Сериков, И.С.Якиманская). Тұлғалық-бағдарлық амал кез келген пәнді оқыту барысында ұлттық, білім алушының жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескерілетіндігін болжайды.

Құзыреттілік амалдың (Э.Ф.Зеер, И.А.Зимняя, В.А.Исаев, В.П.Косырев, Е.О.Шишов) негізгі мақсаты құзырет пен құзыреттілікті қалыптастырудағы оқыту болып табылады. Құзыреттілік амал – білім мақсаттарына басым бағыт: өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іске қосу, жеке тұлға қасиеттерін әлеуметтендіру және дамыту. Бұл мақсаттарға жетуде жаңаша білім беру құралдары: құзыреттілік, құзырет және кәсіби қасиеттер болып табылады. Болашақ маманның құзыреттілік моделі іс-әрекет саласында инварианттылық ретінде,

арнайы немесе түйінді құзыреттерден тұрады. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреті түйінді бола тұра олардың кәсіби құзыреттілігінің құрамды бөлігі болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру – күрделі процесс болғандықтан Г.М. Коджаспирова мен К.В.Петровтың пікірі бойынша, оны іске асыру уақытты керек етеді және бірнеше кезеңдерден тұрады:

I кезең: қазіргі ақпараттық технологияларды жаппай меңгеру – компьютерлік сыныптар ашу, оқытушылар мен студенттерді арнайы дайындықтан өткізу арқылы телекоммуникация құралдарын, интерактивтік жүйелерді, базалық деректерді, бағдарламалық құралдарды меңгеру.

II кезең: дәстүрлі оқу пәндеріне қазіргі ақпараттық технологиялар құралдарын белсенді түрде енгізу, білім мазмұнын қайта қарау, бағдарламалық жабдықтау, компьютерлік курстар.

III кезең: үздіксіз білім беруді түбегейлі қайта құру, қашықтан оқыту, оқытудың әдістемелік негізін өзгерту [2].

Ақпараттық технологияларды оқыту процесіне енгізудің тиімділігі:

- оқу-тәрбие жұмысын студенттердің даярлық деңгейіне, қабілетіне, өзіндік ерекшеліктеріне, қызығушылықтарын, қажеттіктеріне қарай даралап өткізу мүмкіндігі;

- студенттердің танымдық әрекетінің дербестікке, ізденіске қарай ойысуы;

- студенттердің өздігінен білім алуға, қайта оқуға деген ынтасын жетілдіру мүмкіндігі;

- оқытудағы пәнаралық байланыстардың күшеюі, құбылыстар мен уақиғаларды кешенді оқыту;

- оқу үрдісінің икемділігінің артуы, оның жаңаруға, серпінділікке дайын болуы;

- студенттердің сабақтан тыс тіршілігін ұйымдастырудың формалары мен әдістерінің өзгеруі, бос уақытты тиімді пайдалану мүмкіндігі.

Оқыту үрдісін ақпараттандырудың басты міндеті жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет – ерекше ойлау, қазіргі ақпараттық қоғам талаптарына сай болу. Ақпараттық мәдениет – компьютерлік сауаттылық, ақпараттық қарым-қатынас, диалогтік режим қабілетін меңгеру, қажетті ақпаратты іздестіруді тиімді іске асыру болып табылады.

Педагогикалық құзыреттіліктің оқыту үрдісінде қалыптасу кезеңдері:

I кезең – университеттер мен институттарда оқылатын ғылымдардың негіздері бойынша ақпараттық құзырлылық қалыптастыру, оқылатын курстың мазмұнына байланысты дағдылар мен біліктерді меңгеру бір мезетте іске асады.

II кезең – жоғары білім алу мүмкіндіктерін түсіну, мағыналы құндылықтарды бағалау, педагогикалық білім алу шешіміне ниеттеуші сеп-түрткі жүйелерінің қалыптасуы.

III кезең – педагогикалық даярлық (рейтинг жүйесі бойынша), апробация (дидактикалық ойындарда, педагогикалық практикада сабақ талдауға қатысу) жеке тұлғалық-бағыттылық, іскерлік тұрғысынан қарап өзін-өзі бағалау, өз бетімен білімдену және өзін-өзі түзету жүйесін енгізу.

IV кезең – кәсіби-педагогикалық құзырлылықты іске асыру тәжірибесін педагогикалық практикада игеру, кемшіліктерін түсіну.

V кезең – педагогикалық құзырлылықтың теориялық жағын игеру. Жобалау, теориялық бөлім алдыңғы кезеңдерде жоспарланса, тәжірибелік зерттеу

жұмыстары педагогикалық практика мерзіміне түседі. Студент қысқа мерзімді эксперимент өткізеді (10-12 сабақ), кіріспе және қорытынды нақтамада оның тиімділігін анықтайды, оқушыларға сауалнама жүргізеді, математикалық статистика әдісін қолданып өткізген диагностикалық зерттеулерінің нәтижесін талдайды. Бұл өте жауапты кезең, студент өзінің педагогикалық қызметке «дайындығын» тексереді.

VI кезең – студенттің кәсіптік-педагогикалық дайындығының қорытындысы дипломдық жұмысты қорғау және мемлекеттік бағалау емтиханын тапсыру болып табылады [3].

Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқыту процесінің ерекшеліктері ескеріліп, келесі педагогикалық шарттар ұсынылды:

- оқу процесінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды жүйелеу, мақсатты кіріктіру, оқу жоспары пәндерін оқыту барысында бірінші курстан бастап жүзеге асырылады;

- ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша студенттердің оқу-кәсіби іс-әрекетін іске қосу ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы, қажетті факторлар есепке алына жүргізіледі;



- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып студенттердің икемділігі мен қабілеттерін диагностикалау, олардың рефлексиясын қалыптастыруға бағытталады.

Аталған педагогикалық шарттарды іске асырылуы әзірленген технологияның тиімділігі оның әдіснамалық маңызды шарты болып табылады. Студенттерінің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын іске асыру технологиясы белгілі бір ережеге сүйенеді, соған сәйкес міндеттерді шешу процесі болып табылатын кезеңге бөлінген іс-әрекеттер негізінде жүргізіледі.

Шарттарды іске асырудың технологиялық процесі келесі кезеңдерді белгілеуді қажет етеді: *бірінші* – ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында оқытушының жетекшілігімен мақсатты білім алу, белгілі іскерлікті дамыту; *екінші* – өздігінен реттелетін іс-әрекеттер және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, біркелкі міндеттерді шешу үшін игерген іскерліктерді қолдану кезеңі; *үшінші* - өз бетінше реттелетін іс-әрекеттер және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, міндеттерді шешу

үшін игерген іскерліктерді қолдану кезеңі; *төртінші* - белгілі жинақталған білім, іскерлік, тәжірибенің арқасында білім алушы іс-әрекеттерін бақылап, бағалап қана қоймай, ақпараттық-коммуникативтік технология саласындағы басқа да іс-әрекеттерді де бағалай алады. Әр кезеңді сипаттайтын болсақ:

Бірінші кезең ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласындағы білім деңгейінің жоғарылауымен сипатталады. Ақпараттық қызмет көлемі сол технологиялар арқылы кеңейе түсіп, түрлі ақпараттар дерек көздеріне шолу жасау, түрлі бағдарламалық-аппараттық құралдарды пайдалану арқылы студенттердің әлеуеті өседі.

Келесі үш кезең ақпараттық іс-әрекеттің топталуы және реттелуімен, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс жасауда дербес алгоритмін құрумен, нақты және игерілген тәжірибе құрылымын жасаумен сипатталады. Ұсынылып отырған технологияның ерекшелігі әрбір кезеңде студент түрлі ақпараттық іс-әрекетке «түседі», демек оның құзыреттілік деңгейі қажеттілік танытады.

Бірінші кезеңнің мақсаты: студент тұлғасының ақпараттық-коммуникативтік

құзыреттілігінің құнды бағыттылығын меңгеруге бағыттау; оны ұғыну, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында білім қорын жинақтау. Аталған мақсаттарға табысты жету осы технологияларды пайдалана отырып дәрістік және практикалық сабақтар жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі. Ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың бірінші кезең міндеттері: танымдық белсенділікті арттыру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып студенттерді түрлі ақпараттық іс-әрекетке тарту. Алғашқы кезеңдегі студент іс-әрекетінің сипаты: ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін үйрену, қолдану қажеттілігін ұғыну; жеке ақпараттық іс-әрекетінің алдағы және қазіргі тәжірибесінің рефлексиясы. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы себепші, бағыттаушы және реттеуші қызметтерін атқаратын ақпараттық іс-әрекеттің мотивациялық ортасын дамытуға ерекше көңіл бөледі. Бұл кезеңде студенттің ақпараттық іс-әрекетке «түсу» процесі, ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс жасау әдістері мен тәсілдерін игеру, ақпараттық-

коммуникативтік құзырет нормалары мен құндылықтарын теориялық тұрғыда игеруге бағыттау жүзеге асырылады. Осы мақсатта 050102 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «Дидактика» пәнін оқытуда («Оқыту процесінің мәні», «Қазіргі дидактикалық тұжырымдамалар», «Бастауыш мектептеріндегі білім мазмұны» және т.б.) дәріс және практикалық сабақтарда ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып жүргізілді.

Екінші және үшінші кезең мақсаты ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бойынша студенттердің технологиялық іскерлігін дамыту болып табылады. Бұл кезең міндеттері студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда, ол туралы білімдерін іскерлікті игеруде пайдалану. Бұл кезеңде мақсатқа жету тиімділігі студенттің белсенділігін арттыру және ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласында білім мен іскерлігін әрі қарай жетілдіріп, жаңа оқу-кәсіби әрекеттерде пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. Студенттің ақпараттық іс-әрекетін іске қосу

ақпараттық-коммуникативтік пәндік орта арқылы оқытушы-студент өзара әрекеттестігін ұйымдастыруға ықпалын тигізеді.

Төртінші кезең мақсаты студенттердің ақпараттық іс-әрекетінің рефлексиясы болып табылады. Ақпараттық-коммуникативтік құзыретті қалыптастырудың төртінші кезеңінің міндеті – дербес ақпараттық іс-әрекетке қатысты рефлексияны қалыптастыру мен дамыту. Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың бұл кезеңінің мақсаты мен міндеттеріне табысты жету, ақпараттық қызметке қатысты студенттердің икемділіктері мен қабілеттерін диагностикалау және өздігінен диагностикалау процесін ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл кезеңдегі жұмыс мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы студенттерді түрлі іс-әрекеттерге тартуды, өзі бетінше тексеруден өту парағын әзірлеуді қамтиды. Студенттерге тапсырмаларын орындап болғаннан кейін, белгіленген өлшемдер бойынша өздерінің және басқалардың да жұмыстарын бағалап, нәтижелерді салыстыру ұсынылды. Түрлі ақпараттық іс-әрекеттерді орындау барысында студенттер ақпараттық-

коммуникативтік технология саласында өздерінің икемділіктері мен қабілеттерін танытты.

Студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі универси-теттерде қалыптасады да оқу барысында дамып, кәсіби іс-әрекеттері өздігінен білім алу барысында жетіле түседі. Кәсіби даярлығы қырынан қарастыратын болсақ, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың екі негізгі бағытын айта кеткеніміз жөн:

- ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік болашақ маманның іс әрекетін кәсіби қолдаушы құралы ретінде (түйінді құзыреттілік);

- ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің компоненті ретінде (арнайы құзыреттілік).

Бүгінде білім беру саласында құзыреттіліктің ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шешу түрлері біртұтастықта қарастырылып түйінді құзыреттілік деп аталып жүр. Дәріс сабақтарында студенттердің ақпаратты алу, ұсыну, өңдеудің түрлі формаларымен танысу болса, практикалық сабақтарда –

түрлі бағдарламалар арқылы іздену процесін модельдеуге мүмкіндік туғызылып, олардың түйінді құзыреттіліктері қалыптастырылды. Практикалық сабақтарда рейтингке байланысты бақылау жұмыстары орындалатылып, онда: «эссе», «реферат», «белгілі тақырыптарға слайд», «баяндама» жазу, «пәндік олимпиада», «курстық жұмыс», «диплом жұмысы» және т.б. нәтижесінде «студент өзінің портфолиосын» құрды.

Қорыта айтқанда, студенттердің ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда оның ақпараттық іс-әрекетке белсене араласуы, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін өздігінен игеруі маңызды рөл атқарады. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдары мен әдістерін пайдалана отырып, студенттердің арнайы ұйымдастырылған ақпараттық іс-әрекеті олардың жеке тәжірибелерінің дамуына, барлық құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейінің арттыруға бағытталуы тиіс.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Философиялық сөздік – Алматы, 1996 г.
2. Г.М. Коджаспирова мен К.В.Петров  
Педагогика – Москва, 2007 г.
3. Образование и наука Энциклопедический  
словарь – Астана, 2008 г.



**БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ  
ӨЗІНДІК ДАМУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ДАЯРЛЫҚТЫҢ РӨЛІ**

*Бейсембаева К.Д.*

*Скакова Р.Ә.*

*Каримова Р.Е.*

*Мақұлбекова А.А.*

Қазіргі заманда білім беруді модернизациялау жағдайында, өзінің кәсібін, этнопедагогиканың негіздерін еркін меңгерген, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті және құзырлы мамандарды кәсіби және этнопедагогикалық тұрғыда даярлау мәселесі ерекше маңызды болып саналады. Болашақ мамандар өскелең жас ұрпақпен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс барысында, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негіздерін, этникалық педагогиканы меңгеруі керек, сонымен бірге өзіндік кәсіби дамытуға деген жоғары деңгейдегі ұмтылысымен айрықшалануы керек.

Қазіргі заманда білім беруді модернизациялау жағдайында, өзінің кәсібін, этнопедагогиканың негіздерін еркін меңгерген, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті және құзырлы мамандарды кәсіби және этнопедагогикалық тұрғыда даярлау мәселесі ерекше маңызды болып саналады. Аталған талаптарды жүзеге асырудың маңызды факторы ретінде, болашақ мамандардың этнопедагогика арқылы өзін-өзі кәсіби дамытуға бағыттылығы алынады. Соңғы жылдары өзінің ана тілін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихы мен мәдениетін білмейтін ұрпақтың саны артып келеді, жастардың дәстүрлі өмір сүру салтынан оқшаулану үрдісі бекіп, ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік-этикалық ұғымдардың, халықтың рухани құндылықтарының жоғалу үрдісі байқалады, бұлар өз кезегінде ұлттың санасының деформациясына әкелетіні сөзсіз [1].

Жоғары мектепте оқыту үдерісінің болашақ кәсіби мамандардың өмірлік және дүниетанымдық ұстанымын анықтайтын болғандықтан, жоғары оқу орнында дәстүрлі педагогикалық мәдениетке, этникалық педагогикаға деген қызығушылықты, қалыптастыру қажет, яғни этнопедагогикалық білімсіз өз халқының

және өз елінің нағыз педагогын даярлау мүмкін емес. Болашақ мамандар өскелең жас ұрпақпен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс барысында, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негіздерін, этникалық педагогиканы меңгеруі керек, сонымен бірге өзіндік кәсіби дамытуға деген жоғары деңгейдегі ұмтылысымен айрықшалануы керек.

Болашақ құзырлы мамандарды даярлау идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, білім беруді 2011-2020 жылдарға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында, басқа да тұжырымдамалы құжаттарда айқын атап көрсетіледі. Осыған байланысты, болашақ құзырлы мамандарды өзіндік кәсіби дамытуға даярлау мәселесі өзекті бола түседі, оның мәні тұлғаны бірізді бірнеше сатыларды қамтитын, әлеуметтік-кәсіби қатынастар жүйесіне интеграциялауда көрініс береді: кәсіпті білім беру мекемесінде даярлау аясында меңгеру; орындалатын кәсіби функцияларды есепке ала отырып жұмыс орнында бейімделу; жеке кәсіби стильді қалыптастыру; кәсіби өсудің жолдарын іздеу.

Жоғары оқу орнында кәсіби даярлау сатысында, болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға даярлық

ерекше мәнге ие болады, себебі дәл осы кезеңде тұлғаның кәсіби өзіндік дамуының мотивациялық-құндылықты, когнитивті және рефлексивті-әрекеттік негіздері қаланады [2].

Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандартында, болашақ мамандардың жоғары оқу орнын бітірер кезінде төмендегі құзыреттіліктерді игерудің қажеттілігі атап көрсетілген: өзінің педагогикалық шеберлігін жүйелі түрде жетілдіру; білім алушылардың толыққанды оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау; психологиялық қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру; салалас мамандармен бірлесіп, пәнаралық психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-реабилитациялық іс-шараларға қатысу; әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда, білім беру үдерісіне қатысушылардың этномәдени және конфессиялы айырмашылықтарын ескеру қабілеті; дамудың әлеуметтік-мәдени жағдайының ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдени ортада кәсіби іс-әрекетті жүргізу қабілеті және т.б.[3].

Болашақ құзырлы мамандар этнопедагогикалық ерекшеліктерді білуі және есепке алуы қажет, бұл бірлескен оқу және еңбек іс-әрекетін жетістікпен

ұйымдастыруда, әрекеттің келісімділігін және өзара түсіністікке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажет. Этнопедагогикалық білім өз кезегінде индивидтердің әртүрлі этномәдени топтарға қатыстылығымен негізделген, ойлаудағы және мінез-құлықтағы ерекшеліктердің көрінісіне толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық теориялар мен гуманистік білім беру тұжырымдамаларын талдау (А.Г.Асмолов, И.Б.Котова, А. В. Петровский, В. И. Слободчиков, Д.И.Фельдштейн, Б.Н.Шиянов) болашақ мамандардың тұлғасын өзіндік дамыту мен өзіндік жетілдіру үдерістерін зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Этнопедагогиканың жекеленген аспектілері Ш.М.-Х.Арсалиев, Г.Н.Волков, В.Н.Иванов, В.А.Николаев, Т.Н.Петрова, К.Ж.Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазіргі кезде этнопедагогиканың мәнін педагогтың іс-әрекетінің ғылыми негізі ретінде саналы ұғыну артып келеді.

Сондықтан, көптеген этнопедагогтардың еңбектерінде (А.Л.Бугаева, Г.Н.Волков, К.Ж.Қожахметова, О.Д.Мукаева және т.б.) еңбектерінде

педагогты этнопедагогикалық тұрғыда даярлауды ұйымдастыруды арттырудың қажеттілігі аталып көрсетіледі. Сонымен бірге, болашақ құзырлы мамандардың этнопедагогикалық білімін жетілдіру мәселесі аталған еңбекетрде қарастырылмаған, сол себепті жоғарыда аталған мәселелер өзекті болып саналады.

Жоғарыда баяндалғандар контекстінде келесі міндеттерді шешу қажет:

1) білім беру теориясы мен тәжірибесінде болашақ мамандадың кәсби өзіндік даму үдерісіне талдау жасау;

2) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлаудың шарттарын анықтау және теориялық тұрғыда негіздеу;

3) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлаудың құрылымдық компоненттерін айқындау, олардың критерийлері мен деңгейлерін анықтау;

4) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлау бағдарламасын құрастыру және оның тиімділігін эксперименттік түрде тексеру.

Этнопедагогикалық даярлық – бұл болашақ маманды кәсіби даярлаудың маңызды бөлігі, ол болашақ маманды этнопедагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың үздіксіз және басқарылатын үдерісі [4]. Мұндай даярлықтың маңызды белгілерінің бірі – оның интегративті сипаты бұл өз кезегінде болашақ маманның оқу жоспарындағы пәндерді оқу нәтижесінде меңгерген негізгі білімдерін, біліктері мен дағдыларын біріктіретін, педагогикалық практикадан өту барысында бекітілген жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, этникалық құрамдас бөлім кәсіби білім берудің мазмұнына қосымша ретінде анықталып қоймай, сонымен бірге «Этнопедагогика» жеке курсы мен өтумен шектелмеуі қажет деп санаймыз. Болашақ мамандарды этнопедагогикалық даярлау бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоғары мектептің білім беру жүйесіне толыққанды енгізілуі керек, ол жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің кәсіби құзыреттілілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың мақсаты,

студенттерді қазақ халқының этномәдени және педагогикалық мұраларына баулу, оны өздерінің кәсіби іс-әрекетінде қолдануға даярлығын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың міндеттері:

- студенттердің балалар мен жастарға отбасылық, қоғамдық, еңбек тәрбиесін берудегі этнопедагогикалық білімді меңгеру;

- білім алушылардың этникалық тәрбие мәселесіне деген қызығушылығын дамыту;

- әлеуметтік-мәдени орта жағдайында болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

- өзіндік іс-әрекетте этнопедагогикалық білім мен біліктерді шығармашылықпен қолдану қабілетін дамыту;

- кәсіби өзіндік дамытуға және өзіндік біліктілігін арттыруға деген тұрақты мотивацияны қалыптастыру.

Кәсіби өзіндік даму деп, озат тәжірибені және өзіндік дербес іс-әрекетті саналы ұғынуға көмек беретін, сонымен бірге өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдірудің



құралы болып саналатын, кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыруға ықпал ететін көп компонентті, тұлғалық, кәсіби маңызды үдеріс ретінде түсіндіріледі [1].

Аталған саладағы зерттеулерге сүйене отырып, біз болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытудың үш сатысын айқындауға мүмкіндік алдық.

Бірінші саты – бағдарлы. Ол студенттердің кәсіби бағыттарын, тұлғаның өзіндік дамуы туралы білім жүйесін, кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қалыптастырудан құралады. Бұл мақсатқа студенттердің педагогика мен психологиядан дәстүрлі курстарын оқыту, өздерінің жеке ерекшеліктерін өзіндік тануы бойынша практикалық сабақтарды өткізу арқылы қол жеткізуге болады.

Екінші саты – орындаушылық (тікелей кәсіби даярлық). Оның мақсаты студенттердің әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеруде анықталады. Бұл мақсатқа педагогика мен психология бойынша курстардың аясында арнайы практикалық сабақтарды ұйымдастыру, студенттердің тұлғасын өзіндік дамыту мен кәсіби өзіндік дамыту бойынша алуан түрлі арнайы курстар

мен арнайы семинарларды жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.

Үшінші саты – бақылаушы-түзетуші. Ол студенттердің әрекетінің жаңа тәсілдерін тәжірибеде меңгеруді және бекітуді қамтиды. Бірқатар зерттеушілер бұл сатыны кәсібилендіру сатысы деп атайды, себебі бұл сатыда кәсіпке ену, оы меңгеру және кәсіби өзіндік анықталу жүзеге асырылады [1]. Бұл мақсатқа студенттердің оқу және практикалық жағдаяттарды дербес орындау үдерісінде, сонымен бірге педагогикалық практиканы өту барысында қол жеткізіледі.

87

Кәсіби өзіндік даму үдерісі адам өмірінің бойында жүреді, әрбір кәсіби іс-әрекеттің өзіндік спецификасы болады, ол өз кезегінде кәсіби маңызды сапалардың белгілі жиынтығын талап етеді; кәсіби өзіндік даму үшін іс-әрекеттің болашақ сферасын тұлғалық тұрғыда қабылдау қажет; кәсіби өзіндік даму үдерісін іштей және студенттердің өзіндік дамуы арқылы басқаруға болады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлығы деп, біз өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетін саналы ұғынуға ықпал ететін,

этнопедагогикалық іс-әреентті қалыптастыруға бағытталған, кәсіби өзіндік жетілдірудің мақсаттарын, жолдары мен құралдарын таңдауда, өзінің этнопедагогикалық дамуын үздіксіз басқару бойынша болашақ маманның мақсатты бағытталған іс-әрекетін көрсететін этнопедагогикалық білім, білік және дағдыларды меңгеру бойынша кәсіби даярлығы ретінде түсіндіреміз.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлығын анықтау үшін, студенттер арасында сауалнама жүргізуге болады. Болашақ мамандарға келесі үлгідегі сұрақтарды беруге болады:

1. Сіз «этнопедагогика» терминін қалай түсінесіз?
2. Сіз «даму», «өзіндік дамыту» және «кәсіби өзіндік дамыту» ұғымдарын қалай түсінесіз?
3. Сіздің ойыңызша, болашақ маманның кәсіби қалыптасуында кәсіби өзіндік дамытудың қандай маңызы бар?
4. Сіз кәсіби өзіндік дамытуға деген қажеттілікті сезінесіз бе? Егер сезінсеңіз, онда өзіндік кәсіби дамыту мақсатында қандай әрекет жасауға ұмтыласыз? Кәсіби

өзіндік дамыту үдерісінде сізде қандай қиындықтар туындайды?

5. Сіздің ойыңызша, этнопедагогиканың кәсіби өзіндік дамытуға қандай қатысы бар?

Қорытындылай келе, келесі тұжырым жасауға болады: болашақ мамандардың қазіргі жоғары білім беру жүйесінде, жоғары мектеп жағдайында өзіндік кәсіби дамытуға этнопедагогикалық даярлығының жоғары емес деңгейі анықталады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Харитонов М. Г. Этнопедагогическое образование учителей национальной школы. - Чебоксары: Чувашгоспедуниверситет им. И. Я. Яковлева, 2004. - 330 с.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – 2011. Астана қаласы.
3. Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік Стандарты. – Астана, 2010.
4. Чурсина А. С. Формирование готовности к профессиональному саморазвитию у студентов вуза в процессе изучения психолого-педагогических дисциплин: Автореф. дис... канд. пед. наук. - Челябинск, 2011. - 23 с.

## КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Сманова А.А.

Қазіргі таңда әлемдік өркениетте білім мен ғылымды инновациялау мен модернизациялау экономикалық дамудың басты бағытына айналды. Осыған орай, елімізде кәсіптік-техникалық білім беру саласына, әлемді тәжірбиеде зор жетістікке жетіп отырған жаңашыл *дуальді оқыту* жүйесі енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты Қазақстан халқына үндеуінде: «Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Оларға Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Жастарымыз туған Қазақстанда еңбек етіп, өз әлеуеттерін жүзеге асырулары қажет: тұтастай білім беру жүйесін жаңғырту; оқу-тәрбие үдерісін бүгінгі күн талаптарына сай оңтайландыру; дуальді кәсіби білім беруді дамыту мәселелерін кешенді түрде шешу міндеттері жүзеге асырылуы тиіс» деп дуальді оқыту жүйесінің маңыздылығын көрсетті.[1].

Демек, дуальді оқыту маңыздылығы – еңбек қоғамында бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, өзі ісін жетік білетін кәсіби маман даярлау. Дуальді оқыту өз мәнінде, білім беру мекемесі мен өндірісте қатар білім алуды білдіреді. Білім беру теория мен тәжірибенің өзара байланыс қағидасына негізделеді.

Яғни, дуальді оқыту – маман даярлауда бизнестің, білім алушының және мемлекеттің мүдделерін біріктіруге бағытталған кәсіби білім берудің әлемдегі тиімді жүйесі. Қазірде бұл жүйе 60 елде жұмыс істеп, өз нәтижесін беруде. Оған дәлел осы жүйе бойынша маман дайындауға ден қойған Алманияның Рейнланд-Пфальц аймағында жұмыссыздық деңгейі бар болғаны 3%-ды құрап отыр. Ал, Германияда бұл көрсеткіш 7,8%-дың деңгейін көрсеткен. Бүгінде Германиядағы 25 жасқа дейінгі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 7%- болса, бұл көрсеткіш Грекияда 45, Испанияда 43, Францияда 30, Италияда 28%-ды құрайды.

Осы елдермен қатар, дамыған Ұлыбритания, АҚШ, Оңтүстік Корея, Қытай елдерінде дуальді оқыту жүйесі сәтті жүзеге асып келеді.

Дуальді оқытуда білім алушылар уақытының үштен екі бөлігінде еңбек ете жүріп, өндірістен қол үзбей оқиды, тек уақытының үшінші бөлігін теориялық оқуға, білімді ұйымдастыруға арнайды. Яғни, теорияны өндіріспен ұштастыра оқыту жүйесін қалыптастырады.

«Дуализм», «дуалды», «дуалдылық», «дуалисті» терминдері бір абстрактілі жалпы әдіснамалық ұғымды білдіреді (лат. тілінен dualis- сыңар жақты) және білімнің әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады.

Философиялық категория ретінде онтологиялық аспектке дуализм мазмұндық жағынан мынадай түсінікті білдіреді, яғни материалдық және рухани субстанции (материямен рух, материалды және идеалды) тең құқылы болып табылады. «Дуализм» терминін осы мағынада XVIII ғасырда неміс философы Х. Вольфом енгізген, дегенмен бұл философиялық ілімнің негізін қалаушысы әрі ірі өкілі Декарт – «жаңа философия» мен жаңа ғылымның көшбасшысы болды [2].

Педагогика саласында «дуальді жүйе» түсінігі алғаш рет ФРГ 1960 жж.

ортасында кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың жаңа формасының атауы ретінде қолданылды.



Халықтық педагогикада еңбек тәрбиесімен егіз ұштасқан кәсіп игеру, өз ісінің шебері атану үшін ерте жастан ұстазға, шеберге үйренуге балаларын беріп оқыту дәстүрі болған. Өмірге қажетті кәсіп түрлеріне орай ер балалар мен қыз балаларға еңбек тәрбиесіне баули отырып, кәсіп үйреткен. Бұл жүйе кейін бірқатар неміс тілді мемлекеттерде кеңінен таралды (Австрия, Швейцария) [3].

Бұл жүйе екі түрлі оқу-өндірістік ортадан тұрады: жеке меншік кәсіпорын мен мемлекеттік кәсіптік мектеп. Олар ортақ мақсат аясында – оқушыларды кәсіпке баулуға өзара бірлесіп әрекет етеді.

**Кәсіпорынның оқу-өндірістік ортасы мыналарды қамтиды:**

▪ Білімалушыларға арналған жұмыс орны жартылай еңбек ақы төленуі;

▪ Оқу шеберханасы немесе лабораториясы;

▪ Өндіріс-ішілік оқыту;

**Кәсіптік мектептің оқу-өндірістік ортасы мыналарды қамтиды:**

▪ Оқу сыныбы;

▪ Шеберхана немесе лаборатория[4].


Сондықтанда дуальді жүйе негізінде оқыту білім алушылардың кәсіби біліктері мен дағдыларын, іскерліктерін тікелей жұмыс орнында меңгеріп, жан-жақты кәсіби дамуына мүмкіндік беріп, түрлі жүйелердің-білім, ғылым, өндірістің-өзара байланысы мен әсерін, енгізілу тәжірибесін қамтамасыз ету арқылы кәсіптік білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Дуальді оқыту үдерісі барысында білім алушылар тікелей шынайы еңбек ортасына барады, оларға кәсіпорын тарапынан берілген еңбек операцияларын орындауы барысында көзқарастары, еңбекке деген құлшыныстары, кәсібіне деген қызығушылықтары арта түседі. Әрине іс-тәжірибе барысында осы үдеріске де қатысады, алайда теориялық білімі мен іс-тәжірибелік машық, дағдыларын қатар игерудің тиімділігі жоғары екендігін көрсетіп отыр[5].

Демек, білім алушылар теория мен тәжірибені ұштастыру арқылы қазіргі заманғы талаптарға сай техника мен технологияларды меңгеріп, танымдық белсенділіктері артып, кәсіптік іскерлігі мен дағдылары қалыптасады. Тәжірибе барысында әрбір білім алушы психологиялық жағынан ортаға бейімделіп, жұмысқа деген жауапкершілігі артып, ұжыммен араласа алады.

Сонымен қатар, жұмыс жағдайын кездесетін жағдаяттардың шешімін тауып, өзін болашақ маман ретінде сезінеді. Білім алушыларға тәжірибеден өту барысында өзі білім деңгейін көрсету арқылы сол жерде жұмысқа орналасуға мол мүмкіндік туады.

Оқу үдерісінде дуальді жүйе бойынша жұмыс жасауда «білім беру мекемесі –кәсіпорын–студент» атты 3-жақты шарт жасалады, ол жерде оқу үдерісі кестесі (колледждегі теория сабақтары, практикалық сабақтар, кәсіпорында практикадан өту), нақты әр студентке кәсіпорыннан тәлімгер мамандар (инженерлер) бекітіледі, оқу мерзімі, оқу ақылары және т. б. көрсетіледі. Дуальді оқыту жүйесінің құрылымы мынадай схема арқылы жүзеге асырылады.



Демек, кәсіби білім беру жүйесіндегі дуальді оқытуды енгізудің ерекшелігі:

❖ Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады.

❖ Екіншіден, жақсы, білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

❖ Үшіншіден, «тәжірибеден теорияға» принципімен жұмыс жүреді, оқушы теориялық, яғни текстпен айтудан гөрі, өндірістегі жағдаяттарға сәйкес жұмыс жүргізеді.

❖ Төртіншіден, жұмыс берушінің оқушыға берген бағасы дайындалған маманның біліктілігімен байқалады. Алғашқы күннен бастап,

ұзақ өндірісте жұмысшы болған оқушы, өзінің білім мен ынтасын көрсетеді.

❖ Бесіншіден, оқытушы тек қана теорияны ғана меңгермей, өндірістегі соңғы жаңалықтарды біліп, заманауи талаптарды меңгереді.

❖ Алтыншы, бюджеттік шығын азаяды, себебі оқуға кеткен шығынның біраз бөлігі өндірісте болғандықтан оқушы күнделікті көріп, игереді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның әлеуметтік жаңартылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» // Егемен Қазақстан, 10 шілде, 2012.

2. Романов С.П. «Развитие дуальной системы инженерно-педагогического образования в высшем учебном заведении» Диссертация на соискание учебной степени д.п.н. Нижний Новгород 2008.

3. Федотова Г.А. Развитие дуальной формы профессионального образования: (опыт ФРГ и России). Диссертация на соискание учебной степени д.п.н. Москва 2002.

4. Deissinger T. Dual System // International Encyclopedia of Education 2010

5. Zholdasbekova S., Nurzhanbaeva Zh. The importance of introduction of a dual system of education in formation of future specialists the work values. International conference of industrial technologies and engineering. Shymkent, Kazakhstan (ICITE) October 30-31, 2014.

# БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ - ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫНЫҢ САПАСЫ

*Б.С.Кульбаева*

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейі мен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды құрамы ретіндегі сипатқа ие болды, ал адамның білімділігі, кәсіби икемділігі, шығармашылыққа талпынысы және қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі қоғамның тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шарт бола алады. Мұндағы, қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Олай болса, білім беруді дамыту процесінің әлемдік үрдіс дағдарысының кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктер туындатуда. Бүгінгі өмір талабы сапалы, әрі терең білім беру жолдарын әлемдік дәрежеде ұйымдастыруды қажет ететіні баршаға белгілі. Бұл қажеттілікке жетудегі басты стратегиялық мақсат - адамзат жинақтаған білімді жай игеріп қана қою жеткіліксіз, соған сәйкес

ақпарат негізінің артуы мен оның өсу модернизациясына ілесу болып табылады. Осы жауапты жұмысты іске асыруда басты жауапкершілік педагогтар қауымына жүктеледі.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңі өскелең ұрпақ еншісінде. Осы ұрпақты бүгінгі таңда жан-жақты терең білдімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден бір жолы – оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді.

Білім беру саласындағы дағдарыстан шығудың тағы бір жолы оқытушы білімін жүйелі көтеріп отыруы болып табылады. Қазіргі уақытта мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін түпкілікті өзгерту білім беруді жаңғырту үшін жалпы жүйелік маңызға ие. Қазақстан Республикасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін түпкілікті өзгерту мәселесімен «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ айналысуда. ҚР ББЖҚБАРИ де Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сай, жыл сайын шамамен 73,3 мың педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттырады.



жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының – басты стратегиясы, сапалы білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, білім беру жүйесін басқарудың менеджменттік жүйесін дамытуна басты назар аударады. Бағдарламаның мақсаты айқын, міндеттері белгілі, іске асырылатын кезеңдері нақты, нысаналы индикаторлары, мен басты принциптері жүйелі. Бағдарламада «еліміздің болашақ экономикасының саяси және әлеуметтік, мәдени өркендеуінің тұғырнамасы – *білім*, соның ішінде, *сапалы білімге* ерекше мән беру» - атап көрсетілген. Соның ішінде *сапалы* білім беру *біріншіден*, оқыту үдерісіне қазіргі замануи әдістемелер мен технологияларды енгізу, *екіншіден*, педагог мамандығының сапасын арттыру, жаңа форматта мұғалімдердің біліктілігін арттыру, білімнің қоғам сұранысын қанағаттандырудағы сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне дейін қол жеткізу керектігі атап көрсетілді.

Заманауи қоғамда білім адамның капиталы болып табылады. Елдегі білімді адамдардың санының көбеюі елдің мүмкіндігін арттыратыны даусыз. «Бәсекеге қабілетті дамыған ел болу үшін білімі жоғары

ұлт болуымыз керек. Қазіргі заманда жай ғана сауатты болу жетккіліксіз, азаматтарымыз ең алдыңғы қатарлы құрал-жабдықтармен, ең заманауи өндірісте жұмыс істеу қабілеттерін әрқашан игеріп отыруы тиіс», - бұл «Қазақстан-2050» стратегиясында көрсетілген ұлттық білім беруді дамытудың жаңа тәсілдерінің жорамалдарының бірі. Бүгінгі күн мұғалімнің біліктілігін арттыруда жалпы қоғамдық мәселе ретінде қарастыру қажеттігі туған кезең. Біліктілік - бұл білімді меңгерудегі, тәжірибедегі білімділікті, құндылықты бейнелейтін жалпы қабілеттілік. Оқытушылардың сапалы білім беруі үшін міндетті түрде біліктілігін арттырып отырған жөн. Біліктілік арттыру курстары – оқытушының білімін шындай түсуімен қатар еңбегінің сапалы болуына өз септігін тигізеді және шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ететін негізгі фактор.

Ендеше сапалы білім беру бүгінгі күнде өзіндік ерекшелігі бар сұранысты қамтамасыз ететін орта болады. Мұндағы басты көрсеткіш индикаторы, мұғалім біліктілігіндегі кәсіби - тұлғалық деңгейі сапасының жоғары болуына ерекше назар аударады. Сапалы біліктілікті арттырудың басты ерекшелігі

әлемнің ең үздік тәжірибелерін біліктілік арттыру жүйесіне бірінші тәжірибелерді арқылы енгізудегі басты бағыт етіп алуда: *біріншіден*, біліктілікті арттыруда мұғалімдердің кәсіби деңгейінің сапасы қоғам сұранысына сай болуы; *екіншіден*, біліктілікті арттырудың сапасын қамтамасыз етуде әлемнің озық тәжірибелерін пайдалану үрдісін жалғастыру; *үшіншіден*, мұғалім мәртебесін көтеруде, білім беруді дамытудағы оның интеллектуальдық, кәсіби-тұлғалық сапалық деңгейлерінің үлесінің өсуіне жағдай жасау. Олай болса, педагогтардың кәсіби біліктіліктілігін арттырудың сапалық категориясына белсенді оқытудың тиімді әдістері оқыту әдістемелерін жаңғырту, оқытудың қазіргі замануи әдістемелерін енгізу (тьюторлық, менторлық, аниматорлық, модераторлық әдістер т.с.с) және де педагогтарды сындарлы ойлауға, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игертуге жағдай жасау; жобалар қорғауда, өзіндік жұмыстарда ғылыми-зерттеушілік қызметтегі белсенділікті дамытуды креативті қолдану болып табылады. Мұғалімнің біліктілігін арттырудағы сапасы педагогтың кәсіби даму және тұлғалық әлеуеті деңгейінің дамуына мүмкіндік береді, өйткені,

мұғалімнің даму дәрежесі, мектептің даму сапасынмен анықталады. Батыс елдеріне белгілі американдық ғалымдар Виллис Д.Холи және Линда Валли зерттемелеріне сүйенсек, педагогтардың біліктілігін арттырудың жаңа 2 бағытын атап көрсетеді:

- *Біріншісі*, педагогтың оқыту және кәсіби-педагогикалық іс әрекетінің даму сапасы. Бұл, педагогтың тұлғалық және кәсіби өсу үдерісінің сапалық нәтижесі.

- *Екіншісі*, оқыту үдерісіндегі менеджмент. Мұның негізі педагог алған білімін, кәсіптік жоғары деңгейде белсенділік таныта отырып, іс-әрекетте қолдана алуды басқарау болып табылады – дейді ғалымдар.

Біліктілікті арттыру курстарында жоғары сапаға жету үшін мынадай міндеттерді белгілеуге болады:

1. Мұғалімнің шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызу;
2. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениетінің қалыптасуына қажетті бағыт-бағдар беру;
3. Шығармашылық ізденісі мен еңбегіне толық еркіндік бере отырып, оқыту ізгілендіру

мақсатындағы талап, тілектерінің орындалуына өзіндік іс-тәжірибесін таратуға мүмкіндік туғызу;

4. Мұғалімнің қоғамдағы мәртебесі мен беделін арттыруға арналған іс-шараларды жиі ұйымдастырып отырыу.

Мұндай зерттемелер мұғалімдердің кәсіби біліктер сапасын көтеруге толық теориялық-әдістемелік тұрғыда қажеттілігі мол. Біліктілікті арттыруда мұғалімнің сапалық көрсеткіштері: ол, білім беру саласындағы жаңалықтарды ендіру, жаңалықты ендіру құндылықтары, білім беру саласына жаңалық ендіру концепциялары, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру заңдылықтары, ғылыми-әдістемелік жұмыс, озат педагогикалық тәжірибе мен инновациялық педагогикалық технологияларды үйрену, жинақтау, пайдалану, инновациялық психологиялық-педагогикалық зерттеулер нәтижесін іс-тәжірибеге кеңінен ендіру, әртүрлі инновациялық психологиялық-педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысқан іс-әрекетін жүзеге асыру; педагогикалық инновациялық қозғалыс, инновациялық зерттеушілік ізденістер қажеттілігінен тұрады.

Жалпы, «сапа» ұғымының мәні кең, ол өнім, еңбек, тұрмыстық қызмет, денсаулық, білім, мәдениет, қоршаған ортадан бастап адам өмірінің сапасына дейінгі аралықты қамти отырып - нақты қажеттілікті қанағаттандыратын барлық сипаттамаларының жинақтығын анықтайтын норма болып отыр. Ал «сапа» ұғымының мәні кең, ол өнім, еңбек, тұрмыстық қызмет, денсаулық, білім, мәдениет, қоршаған ортадан бастап адам өмірінің сапасына дейінгі аралықты қамтиды. Мұның ішінде білім беру сапасына тоқталсақ, күні бүгінге дейін білім сапасын ағымдағы оқу жылының бағалары «жақсы», «өте жақсы» деген ұғымдардың пайыздық көрсеткіштерімен көрсетсек, ендігі *сапа* - нақты қажеттілікті қанағаттандыратын барлық сипаттамаларының жинақтығын анықтайтын норма деп атайды. (С.Е.Шишов, В.А.Кальней). Олар «Білім беру сапасы – әлеуметтік категория, бұл білім беру үрдісіне қатысушылардың білім беру мекемелері ұсынған білім беру қызметіне қанағаттану дәрежесі» деп түйіндесе. М.М.Поташник көзқарасы бойынша «Білім беру сапасы мақсат және нәтижеге байланысты, яғни мақсатқа жетуде оқушыны дамытуға болжанған әлеует аймағы» дейді. Білім беру сапасын зерттеуші ғалымдар

(А.М.Моисеев., С.Е.Шишов., В.А.Кальней және т.б.) сапаның үш құрам бөлігінің бірігіу түсінігін жіктейді. Ол- ресурс сапасы, үрдіс сапасы және нәтиже сапасы. Мұндағы, ресурс сапасына жататындар: білім беру стандарты, оқу жоспарлары, бағдарламалар, оқытудың әдіс-тәсілі, оқытудағы тұлғаны дамыту, педагог кадрлар құрамы, білім беру мекемесінің құрылымы, материалдық техникалық база, құқықтық-нормативтік база, білім беруге жұмсалатын қаржы және білім беру мекемесі педагогтарының имиджі. Үрдіс сапасына жататындар: білім беру мекемесін дамыту және жүйелі басқару, оқу-тәрбие процесі, білімділік технологиялар, оқыту процессінде субъектінің жекелей мүмкіндігін жүзеге асыру,білім беру мекемесінің сыртқы ортамен өзара байланысы. Нәтиже сапасына жататындар: өзара біріккен құзырлылықты қалыптастыру, оқыту деңгейі, жеке тұлғаның физикалық, психикалық, адами денсаулық деңгейін дамыту, құндылыққа бағытталған қарым-қатынас, шығармашылыққа бағытталған іс-әрекеттегі қабілетті меңгерту, тұлғаны өз бетінше әлеуметтендіру және әлеуметендіруге дайындау деңгейі, білім беруде жеке тұлғаны қанағаттандыруға бағытталған сұраныс.

Білім беру сапасы тұрақсыз, динамикалық үзіліссіз категория, ол әлеуметтік қоғам сұранысына қарай өзгеріп отырады. Білім беру сапасы өзіндік мақсат емес, адамның өмір бойы жетістікке жетуге бағытталған қабілеті. (Л.М.Голубева) Олай болса, болашақтағы білім беру сапасы адамның өмір сүру сапасына да байланысты болады деп ойлаймыз. Сапалық білім беру жағдайында ең алдымен мұғалімнің инновациялық біліктілік дағдысын қалыптастыру басты қажеттілік: ол, білім беру саласындағы жаңалықтарды ендіру, жаңалықты ендіру құндылықтары, білім беру саласына жаңалық ендіру концепциялары, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру заңдылықтары, ғылыми-әдістемелік жұмыс, озат педагогикалық тәжірибе мен инновациялық педагогикалық технологияларды үйрену, жинақтау, пайдалану, инновациялық психологиялық-педагогикалық зерттеулер нәтижесін іс-тәжірибеге кеңінен ендіру, әртүрлі инновациялық психологиялық-педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысқан іс-әрекетін жүзеге асыру; педагогикалық инновациялық қозғалыс, инновациялық зерттеушілік ізденістер және т.б. Осыған орай білім беру жүйесінде жасалынып жатқан



реформалар орта білім деңгейін жаңашыл бастамаға бағыттайды. Жалпы кәсіби педагогикалық біліктілікті арттыру , *біріншіден*, тұлғаның дербес ерекшеліктерін өздігінен жүзеге асыруының жоғары деңгейімен және өзіндік стильде іс-әрекет ету қабілеттілігіне байланысты. Мұндай стиль жоғары оқу орнында оқып жүргенде қалыптаса бастайды және болашақта жетістіктерді қамтамасыз ететін өзіндік ерекшелігі бар тәсілдер жүйесін көрсетеді. *Екіншіден*, мұғалімнің педагогикалық әрекетінің, педагогикалық қарым-қатынасы мен тұлғалық құндылықтарының қалыптасқандығын айқындайтын кәсіби білім, білік, дағдының қажетті мөлшерін меңгеру, яғни, кәсіби-педагогикалық құзыреттілік – педагогтың кіріктірілген кәсіби-тұлғалық сипаттамасы ретінде анықталады. Қазіргі кезде мектепке әдіснамалық мәдениетті игерген, яғни, әдіснамалық ережелер туралы білім мен білікке, оларды проблемалық педагогикалық жағдаяттарды шешу үдерісінде қолдана білуге негізделген ойлау қабілеті ерекше тұлға керек. Өйткені қазіргі педагог тек ұйымдастырушы бола алмайды, ол басқарушы тұлға болуы тиіс.

Оқу орындарында педагогикалық процесте жүйелі түрде сапалы, жан-жақты білім берілу үшін мына жайттарды ескерген жөн:

- Оқытушының өз пәні бойынша біліктілігін көтеруді басты назарға алу;

- Қызметкер өткен біліктілік арттыру курстарын мазмұнына қарай жаңартып, араластырып отырған жөн;

- Курсты аяқтаған оқытушы біліктілігін өз тәжірибесінде тиімді пайдаланып және әріптестерімен тәжірибе алмасу тренингтерін өткізгені дұрыс.

Қорыта келе, мемлекетіміздің сапалы білім беру сұранысын қанағаттандыруға бағытталған іс -шаралар, педагог қауымының алдағы кәсіби дамуының сапасын көтеруге айқын көрсеткіш. Біліктілікті арттырудағы сапа - бір мақсатқа, бір мүддеге жетуге бағытталған, бірлескен іс –әрекет деуге болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы. Астана.
2. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Астана. -2010.
3. Шишов С.Е., Кальней В.А. Мониторинг качества образования в школе.-М.,1999.
4. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: М., -2006.
5. Кудайбергенова К.С. Методика развития профессиональной компетентности учителей. // Менеджмент в образовании . – 2010.-№3, - с.170-173.

**БЕЛСЕНДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА  
АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТІ КӘСІПКЕ БЕЙІМДЕУДІҢ  
ТИІМДІ ЖОЛДАРЫН АНЫҚТАУ:  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

**Нурадин Г.Б.**

Студенттің алғашқы кәсіби адаптациясы болашақ мұғалімнің әлеуметтік қалыптасуындағы жетекші құрамдас бөлігі ретінде ЖОО-нан бастау алады. Бұл әлеуметтік адаптация міндеттерінің қолайлы жағдайда жүзеге асуына тікелей ықпал етуші – белсенді педагогикалық практика. Мұндағы нақты педагогикалық жұмыстар барысында студент өзінің болашақ кәсібінің жағымды да жағымсыз да тұстарымен бетпе-бет келеді. Өз өмірлерін мектеппен байланыстырамын деп шешім қабылдаған жоғарғы курс студенттерінің саны төменгі курс студенттеріне қарағанда әлдеқайда аз. Оның себебі педагогикалық практика кезіндегі кәсіби бағдардың алғашқы кезеңінің аса сәтті өтпеуіне байланысты. Мұны студенттер арасында жүргізген сұхбаттасу жұмысы нәтижелеп

отыр. Олардың айтуынша, педагогикалық практика кезіндегі мектеп ұжымының қатынасы, ұйымдастырылу жұмыстарының қолайсыздығы, кәсіптің тартылымдылығын жоғалтады. Мұндай аналогиялық қиындықтар өз жұмысын енді бастаған жас мұғалімдер алдынан шығып, олардың әлеуметтік қалыптасу процесін тежейді. Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік озық бағыттарды нысанаға алуы жақсы нәтижелерге қол жеткізуде. Қазір әлемдік білім беру жүйесі зерттеу арқылы проблемаларды және олардың кемшін тұстарын анықтау, жетілдіру, болдырмау және алдын-алу тәжірибесін құптап отыр.

**Кіліттік сөздер:** педагогикалық практика, сауалнама, респондент, сараптама, зерттеу.

ЖОО-да оқып жүрген студент үшін практиканың маңызы зор, әсіресе болашақ педагог мамандар үшін басты арена – мектеп. Студент-практиканттың мектеп жүйесіне сіңуі, ұжымды қабылдауы, оқушылармен қарым-қатынас түзуі, сыныпты игеруі, озық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық күзiреттілігін ұтымды пайдалануы, теориялық білімін практикамен ұштастыруы, алғашқы кәсіби тәжірибе жинақтауы оның болашақ педагог болып қалыптасуының бірнеше ғана

факторлары. Педагогикалық практика кезіндегі аталмыш факторлардың дұрыс қалыптаспауы студенттің өз мамандығына деген сүйіспеншілігін азайтып, екпінін төмендетеді. Осы ойды негізге алып ТарМПИ (Тараз мемлекеттік педагогикалық институты) жанынан 2015-16 оқу жылынан бастап «Мониторинг және педагогикалық зерттеулер» орталығы ашылды. Аталмыш орталық «Белсенді педагогикалық практика арқылы студентті кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдары» атты кешенді зерттеу жұмысын жүргізді. *Зерттеу жұмысының мақсаты:*

1. Белсенді педагогикалық практиканың ұйымдастырылу және жүргізілу деңгейі;
2. Студент-практиканттардың педпрактикаға теориялық дайындығы;
3. Педпрактиканың маңыздылығы студент көзімен;
4. Педпрактика өтуге белгіленген мектеп пен басқа мекемелердің студент-практиканттарға деген қатынас деңгейі;
5. Бітіруші түлектердің былтырғы белсенді педпрактика туралы әсерлері;

6. 3 курс студенттерінің педпрактикаға дейінгі болжамдары;

7. 3 курс студенттерінің практика кезіндегі жетістіктері мен қиыншылықтары;

8. Педпрактикадан кейінгі әсерлер мен қорытындылау процесінің қыр-сыры;

9. 3-4 курс студенттерінің талап-тілектерін ескере отырып жасақталған және педпрактика жұмысын жандандыруға бағытталған ұсыныстар;


10. Медиа жоспар: жинақ шығару, мақалалар шығару.

116

*Педагогикалық зерттеу жұмысының әдістері:* 4 курстар үшін 1 реттік, 3 курстар үшін 3 кезеңдік сауалнама, жеке және топтық сұхбаттар, бақылау, тиісті орындардан деректер жинау, корреляциялық анализ, салыстырмалы талдау, пайыздық талдау.

Бұл зерттеу жұмысы 6 айды қамтыды. Осы мерзім ішінде 3 және 4 курс студенттерінен 792 рет сауалнама алынды, 90-ға жуық студенттермен оқытушылардан құралған респонденттерден жеке және топтық сұхбат алынып сараланды. Үш кезеңдік сауалнамадан өткен басты назардағы 124 респондетіміз

29 нысанда сынамадан өтті. Атап айтсақ, қалалық 13 орта мектеп, 6 балабақша, 3 мектеп-интернат, 1 балалар үйі, 1 Қазақстан психологтар ассоциациясының филиалы, 1 соқыр және нашар көретін балаларға арналған облыстық «Болашақ» арнайы мектебі, 4 аудандық орта мектеп.



*1 диаграмма*

Зерттеу ұзақ уақытты, оңтайлы әдістерді, тынымсыз еңбекті және ашықтық пен жариялымды талап етеді. Мұндағы мақсатымыз зерттеу жұмысының жүргізілу барысы және нәтижелерімен ең бірінші өз ұжымымыздың таныс болуы, жоспарға



сәйкес жаңа оқу жылынан бастап еліміздегі 6 педагогикалық жоғары оқу орындары арасында тарату.

Қазіргі реформаланған білім беру жүйесі кемшіліктер мен олқылықтарды тығып, көрсетпеді құптамайды, керісінше, проблемаларды анықтап оның шешу жолдарын ашық түрде талқылауды ұнатады. Бүгінгі күн талабы ашықтық пен айқындық.

Бұл зерттеу жұмысының жүргізілуіне ТарМПИ-ның әрбір мүшесінің үлесі бар, сондықтан ол біздің білім берудегі сапамыздың артуына айтарлықтай ықпал ете алады. Жалпы зерттеу жұмыстарының аз жүргізілуіне байланысты дағдылық және шынайылық жағынан кедергілерде аз емес, дегенмен қандай да бір реалды болжамдар, анығырақ картина бар. Бұл зерттеу жұмыстары қандайда бір баланса, бірізділікке алып келеді деп сенеміз. Зерттеу деректер жинау, талдау, сапалық және сандық тәсілдер шеңберіндегі әрекеттер, сұхбаттар, ахуалды саралау, үлгілер құрастыру, материалдарды өңдеу сынды ғылыми-зерттеудің әдістемелік тұстарын бере алады. Мазмұнда көрсетілген әрбір тақырып өзіндік жұмыс, шығармашылық ізденіс нәтижесі. Ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде адасушылық пен қателіктер тым көп

болды. Мұның өзі бізді көбірек ізденуімізге итермеледі, сонымен қатар, зерттеумен айналысып жүрген бірқатар жас ғалымдармен біріктірді. Тараз қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің жас ғалымдары арқылы Луи Коэн, Лауренсио Манион, Кит Моррисон сынды ғалымдардың редакциялық алқасынан шыққан және Давид Скотт пен Робин Учер сияқты авторлардың зерттеу саласындағы тың материалдарымен танысу мүмкін болды.

Зерттеу нәтижелері айқындағандай жоғарғы курс студенттерінің көпшілігі педагогикалық процестегі мақсат қою технологиясын жеткілікті білмейді. Олардың аналитикалық іскерліктері қалыпта дамымаған, сәйкесінше, ол оқушылармен қарым-қатынасқа түсуде өзінің кері ықпалын тигізеді. Атап айтсақ, балалармен алғашқы контактты қалыптастыру, сыныппен қарым-қатынасқа түсудегі оптималды стратегия мен тактиканы білмеуі, ситуациялардың өзгеруіне жылдам икемделе алмауы және оны басқарып игере алмауы, проблемалық міндеттерді шешуде стандартты емес тәсілдерді ойлап таба алмауы, сөйлеудегі қиындықтар, өзінің эмоционалдық сезімін бере алмау, бір рөлден екінші рөлге оңай ауыса

алмауы, яғни әлеуметтік рөлдерді қажеттілікке байланысты өзгерте алмауы, жас мөлшерін есепке ала қатынасқа түсу алмауы, т.т. Осы аталған кедергілер жас мұғалімнің жемісті еңбек етуіне, оқыту мен тәрибиелеуді жоспарлау процесіне айтарлықтай теріс ықпал етеді. Бірақ біз бұл кедергілердің алдын-ала аламыз, оның бірден-бір құралы – белсенді педагогикалық практика.

Зерттеу жұмысына деген дайындық жан-жақты әрі ұзақ ізденісті талап етті. Себебі ТарМПИ-да педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын арнайы орталық болмаған. Сондықтанда біз қалай, кіммен, қашан және не арқылы жұмыс істейміз деген сұрақтар аясында ізденістер жасадық. Мақсатқа жету үшін оны қалай қойған жөн, студенттің шынайы жауап беруі үшін сауалнама сұрақтарын барынша түсінікті, әрі нақты етіп қалай құрастыру керек деген сынды көп мәселелермен бетпе-бет келдік. Зерттеу қағидасы бойынша мәселелерді ашқан сайын олар жеңілденудің орнына керісінше күрделене түседі. Тақырып аясын анықтау кезіндегі жеңіл мәселелер қатарына жататын нысандардың қабаттары пайда болып, оларға үңіліп қарау, мұқият зерделеу


кажеттілігі туындайды. Зерттеу нысаны анықталған кезден бастап студенттің педагогикалық практика туралы нақты ойын анықтау мақсатында оларға үш кезеңді сауалнама жүргізу идеясы пайда болды.

Бірінші *«практикаға дейінгі»* сауалнаманың мақсаты аясында студенттің белсенді педагогикалық практиканы қалай елестетіні, бұрынғы белсенді емес педагогикадан қалған тәжірибесі немесе жағымды-жағымсыз естеліктері, теориялық, психологиялық, эмоционалдық, әдістемелік дайындық деңгейлерін т.б. дағдыларын анықтау.

Екінші *«практика үстіндегі»* сауалнаманың мақсаты аталмыш дағдылардың практика барысында қалай жұмыс істеп жатқанын анықтау.

Үшінші *«практикадан соң»* сауалнаманың мақсаты әдепкі сауалнамаға түйіндеме жасау, олардан педагогикалық практика туралы толыққанды картина шығару. Бірақ толық картинаға тек 3 курстардың пікірі азшылық етуі мүмкін еді, сондықтанда біз біз институтымыздағы 4 курс студенттерінің әрбір мамандық бойынша 10-15 % сауалнама жүргізуді жөн көрдік.

Институтымыздағы статист мәлімдемесі бойынша 2015-2016 оқу жылында ТарМПИ-да 836 студент 4 курста оқиды. Сауалнамаға 5 факультеттен 428 респондент қатысты, жалпы алғанда ТарМПИ-дағы 4 курс студенттерінің 51,1% құрап отыр.



Жалпы 428 респонденттің 193-і өз пікірлерін білдіріп белсенділігін танытса, 40-тан астам студент бірін-бірі толықтай қайталаған, 191-і ешқандай пікір білдірмей қалыс қалған. Респонденттердің басым көпшілігі яғни 90 % жоғары педагогикалық практикаға теориялық тұрғыдан дайын, студенттік Ережемен жақсы таныс екендіктерін, студенттік күнделік, есеп,

ашық сабақ жоспары, ғылыми және кәсіби бағдарды қалай орындау қажеттіліктерін толықтай орындай алатындарын көрсеткен. Жалпы пайыздық талдаманың нәтижесі жоғары, бірақ респонденттердің пікірлері бұл көрсеткішті дәлелдей алмайды. Пікірлер сараптамасында бірталай шешілмей тұрған мәселелердің ұштары көрінеді. Сондықтанда біз пікірлерді жеке сараптап, көтерілген мәселелерді бекіту мақсатында топтық сұхбат жүргізуді ұйғардық. Бұл тәсіл еуропалық зерттеулерде көп кездеседі. Осылайша әр түрлі мамандықтағы 4 курс студенттері арасында 30 топтық жұмыс жүргізілді. Әр топта 3 тен 7 ге дейін студенттер болды, демек максималды 210, минималды 90 студент аралығы қамтылды. Қамтылған студенттердің жалпы пікірлері бойынша белсенді педагогикалық практиканы өту аса тиімді, дәл осы педпрактика арқылы олардың болашақ кәсібіне деген сүйіспеншіліктері оянған немесе өз мамандығының қызықты да қиындығы мол екенін түсінген. Сонымен бірге, педагогикалық практика арқылы мұғалім мамандығының тартымдылығы артқан, оны игерудегі білімнің, өзін-өзі ұстай білудің, жас жеткіншектердің психологиясын игерудің, дүниетанымыңның кең болу

керектігін жақсы түсінген. Әрине, кемшіліктер де жоқ емес, оның бір қатары портфолиоға тікелей қатысты. Сауалнама нәтижесінде де портфолионың қаржылық жағынан тиімсіздігі, портфолионың көшірілетіні және оны өздеріне қайтарымайтындығы туралы пікірлер болған. Ауызша сұхбат кезінде дәл осы мәселелер тағы да көтеріліп, бұл мәселенің оңтайлы шешімін табу қажеттілігі орын алды.

Респонденттер пікірін тұжырымдап, портфолио мәселесін тереңірек зерттеу мақсатында институтымызда 22 бітіруші түлек шығаратын кафедра бойынша 76 портфолиоға сипаттамалық және салыстырмалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде біршама кемшін тұстар анықталды. «Портфолио» сөзі итальян тілінен аударғанда «құжат толы папка» немесе «маман папкасы» деген аудармаға ие. Сондықтанда оның іші студент-практиканттың ең үздік жұмыстарына толы болуы тиіс және онда қандайда бір кемшіліктерге орын жоқ. Нәтижесінде оңтайлы шешімге алып келетін бірқатар ұсыныстар берілді.

Идеямыздың және алға қойған мақсатымыздың қолжетімді болуы үшін 3 курс студенттерімен кездесіп, сауалнама алды немесе түсіндіру

жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындады. Бұл негізі зерттеу жұмысын одан сайын күрделендіру болатын, себебі әдетте, сауалнаманы респонденттерге тарату алдында ауызша немесе жазбаша формада рұқсат сұралады да, олар сауалнамаға жауап береді. Өкінішке орай, біздің қоғамда зерттеу жұмыстарына, сауалнамаларға шынайы жауап беру, олардың қоғамдық пікірді анықтайтын бірден-бір құрал екендігін түсіну дағдысы қалыптаспаған. Осындай маңыздылығы жоғары жайтты ескере отырып, біз сауалнама алмас бұрын студенттермен кездесіп, олармен топтық жұмыстар жүргізу арқылы зерттеу жұмысының маңыздылығын түсіндіру және олардан рұқсат алуды көздедік. Кездесу барысында студенттер тарапынан сұрақтар өте көп болды. Олардың басым көпшілігі шындықты айтудан жалтаратындықтарын жеткізді, оның басты себебі, салдарынан қорқу.

Алғашқы педагогикалық «практика алды» сауалнамада екі факультеттен 123 респондент қатысты. Респонденттердің 72,5% өздерінің педпрактикаға дайын екендігін айтады да, 44,3% педпрактиканың ең басты құжаты Ережемен таныс емес екендігін айтады. Өз пікірін білдірген респонденттер Ереженің мүлдем



көрмегендерін, шын мәнінде де өз құқықтарын білмейтіндерін жазды.

Респондеттердің тең жартысы практика алдында өздерінің қандай әдіс-тәсілдерді қолданып сабақтар жүргізетінін ойластырмаған, яғни педагогикалық практикаға дайындықсыз бара жатыр дегенге саяды. Бұл да бір біздің студент-практиканттарымыздың педагогикалық практикаға деген селқостығын, сәйкесінше нәтиженің төмендігін білдіртеді. Әйтсе де респонденттердің басым көпшілігі болашақта өзінің жақсы мұғалім болатынына сенімді және 98,3% бұл ойдың бекуіне белсенді педагогикалық практиканың үлесі мол екендігін мойындайды.

Респонденттердің «практика үсті», яғни педагогикалық практика өтіп жатқын мекмелеріне барып алу, мәселелерді жергілікті орында анықтау мақсаты болатын. Бұл екінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 124 респонденттің 121-і ат салысты, қатыса алмаған респонденттің бірі оқудан шығарылған болса, екеуі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шет елге оқуын жалғастыру мақсатында кеткен. Демек, біздің үшінші кезеңдік сауалнамада да респондент санының кемуі мүмкін деген болжам бар.

Респонденттердің 55,3% сабақ мақсатын оқушылар үшін қоятынын айтса, оқыту мақсатында 52,8% практикалық, 40,49% көрнекілікті тиімді тәсіл деп санайды екен. Өкінішке орай, 27,2% респондент оқушыны жақсы көру керектігін алға тартты. Бұл көрсеткіш туралы үлкен жұмыс істеу қажет, себебі мұғалім алдындағы оқушының физиологиялық ерекшелігіне, әлеуметтік жағдайына қарамастан жақсы көруі керек. Үлкен ықыласпен дайындалып махаббатпен берілмеген білім балаға сіңбейді. Осы сауал бойынша 47% респондент пәнін жақсы көру керек деген ұсынысты қолдаған. Бұл көрсеткіш респонденттердің жартысына жетуге жақын және ол дұрыс бағытта ойлайтындар қатарын көрсетіп отыр. Егер маман өз пәнін жақсы көрмесе, онда ол пәнді оқушыларға меңгертуге құлықсыз болады. Жаңашыл ойға жүгінсек, әрбір мұғалімнің меңгерген пәні оның сатқалы отырған тауары іспетті. Ол өз тауарын клиентке қаншалықты жақсы жағынан көрсетіп, оның сапасына басты назарын аударта білсе ғана, тауары тез сатылады, сәйкесінше ол мол байлыққа кенеледі.

Бірнеше нұсқа белгілеуге мүмкіндік беретін төртінші сауал нәтижеге бағытталған. Жауаптар

ішіндегі ең басымдылық танытып 84,2 % жинаған «мақсатқа жету» болатын, демек респонденттеріміз орындалу мүмкіндігі бар қолжетімді, нақты әрі айқын мақсат қоя алса, оған жетуге деген ұмтылысты жоғарғы көрсеткіш дәлелдеп тұр. Ең аз 16,5 % көрсеткішке ие болған «білу мен істей алу әрекеттерінің сапасы» жауабы «Блум таксономиясының» үшінші, әрі ең маңызды бөлігі алған білімді қолдана білу сатысына сәйкес келеді. Демек, біздің респонденттеріміз, дәл осы маңызды бөлікте өздерінің осалдықтарын білідіріп отыр, сондықтанда олар үшін бұл қажеттіліктің маңыздылығы төмен.

128

Респонденттеріміз сабақ өткізерде сынып артықшылығын ескеретіні хақ, бірақ бұл сауалнамада барлық көрсеткіштер теңдей үлеске тиесілі. Оның ішінде баланың жеке даралық қасиеті мен сыныптың дайындығы бірдей көрсеткіште. Осы сауалдың логикалық жалғасы «Сіздің сабақ өткізер кездегі бірінші мән беретін ерекшеліктеріңіз қандай?» деген сауалға 11 жауап ішінен үш ретке дейін белгі соғу мүмкіндігі берілген болатын. Нәтижесінде респонденттеріміздің 61,9 % көңіл күйдің жоғары болғанын қалағандықтан бірінші орынға шықты, 49,5 % ұйымдастыру қабілетін

екінші маңыздылыққа балаған, есесіне коммуникативтілік 4,1% жинап ең аз пайызға ие болды. Аз пайызға ие болғандар қатарында импровизация жасай алу қасиетім деген жауап та бар. Бұл жауаптар неліктен аз пайызға ие болды, олардың терминдік сөздермен берілгендігі үшін бе, әлде шыныменде болашақ педагогтар үшін бұл қасиеттер аса маңызды емес пе деген заңды ой туындады. Осы ойды жетілдіру мақсатында 1-нші кезеңдік сауалнамадағы оқушы тарапынан қойылған оқыс сұраққа бірден жауап бере аламын деп ойлайсыз ба деген сұраққа жүгіндік. Онда респонденттеріміздің 53,2% иә, десе 39,5 % жоқ деп жауап қатқан. Демек, респонденттеріміз айқындап отырғандай біздің студенттердің бойында импровизация жасай алау қасиеті кемдік етеді. Осыған орай, қисынды ойлауға үйрететін логика пәнін немесе педагог логикасы аясындағы элективті пәндерді енгізу, жалпы студенттердің қисынды ойлауына, ұтқырылық танытуына көңіл бөлу керектігі анықталып отыр.

Төмен пайызға ие болған коммуникативтіліктің де өзіндік дәлелі бар. Бірінші кезеңдік сауалнама ішіндегі оқушыларды бір көргеннен өзіне баурап алатынына сенімдісің бе деген сұраққа 66,9 % иә десе,

30,6 % жоқ деп жауап берген. Демек, бұл проблеманыңда қатты өткір болмаса да салмақты проблемалар қатарында екені анық.

Екінші кезеңдік сауалнама алу барысында біз мектептермен балабақшаларға, арнайы мекемелерге барып респонденттерімізбен сөйлестік. Олардың сауалнамадан тыс пікірлері де әр тарапты болды. Ережеде студент-практиканттың неше сағат мекемеде болуы керектігі анық көрсетілмегеніне байланысты оларды жолықтыру қиынға түсті. Осы мәселенің екінші жағы студент-практиканттардың тек өзіне бекітілген мұғалімнің пәніне ғана келіп тым көп артық уақыттарының қалуы оларды болашақ жұмысынан алыстады. Олар тек пәнмен шектеліп мектеп тынысы, ұжымдық ортаға бейімделу, ғылыми және кәсіби бағдардан тыс қалып жатады. Респонденттердің «практикадан кейінгі» сауалнама мақсаты педагогикалық практиканы қорытындылау және нәтижелеу кезіндегі жағымды да жағымсыз тұстарын саралауға бағытталған болатын. Бұл үшінші кезеңдегі сауалнамаға жоспарланған 121 респонденттің 119-ы ат салысты, 2 респондент босануына байланысты қатыса алмаған. Сауалнаманың алғашқы сұрағы бойынша 69,7

% респондент белсенді педпрактикадан күткенім ақталды деп жауап берсе, 7,5 % ақталмағанын айтады. Бұл пайыздарды түйінді көрсеткіштер деп есепке алар болсақ, енді оның түйінін ары қарай тарқату үшін тиісті сұрақтар қойылды. Оның бірі әрі маңыздысы студент-практиканттың өзін-өзі бағалауы. Нәтижесінде, респонденттердің басым көпшілігі өз уақыттарын тиімді игере алмайтындықтары анықталды, бұл олқылық сабақты жоспарлау кезінде кететін қателік. Сабақ жоспары тым көп немесе аз болған жағдайда ол уақыт аясынан не шығып кетеді не жетпей қалады. Сондықтанда бұл мәселені шешу үшін белсенді педагогикалық практикаға баратын студенттерімізді сабақты жоспарлай алудан бастап үйретудің жаңа механизмі мен жүйесі керек. «Иә» мен «жоқ» жауаптарының тең түсуіне себеп болып отырған екі дағдының бірі интербелсенді тақтаға байланысты болса, екіншісі сабақтың құрылымына қатысты болып отыр. Демек, әрбір бітіруші түлекке ие кафедралар кәсіби пән әдістемесінің сапасын жоғарылату үшін жаңа әдістерге жүгінгені абзал. Дұрыс құрастырылған механизм ғана олқылықтардың орнын толтыра алады.

Белсенді педагогикалық практика жұмысын жандардыру мақсатындағы жүргізілген «Белсенді педагогикалық практика арқылы студенттерді кәсіпке бейімдеудің тиімді жолдарын анықтау» атты ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмысын қорытындылай келе бірқатар ұсыныстар пайда болды. Осы ұсыныстар тиісті орындарда тиісті қызметкерлермен талқыланып оны ары қарай жүзеге асыруға мақсатталған. Ұсыныстар институтымыздың декандары мен кафедра меңгерушілері және педагогикалық практикаға қатысты бөлімдер алдында талқыланды. Педпрактиканы оңтайландыру мақсатында арнайы макет жасалды. Ол макет программаланып таңдаулы бірнеше кафедрадан апробациядан өтеді деп жоспарлануда. Апробация нәтижесі оң болған жағдайда ол жалпыға бірдей етіп ендіріледі. Алдағы уақытта ПЖОО арасында тәжірибе бөлісу сағаттары жоспарлануда. Осы мақсатта өзімізден тыс 6 ПЖОО онлайн сауалнама жіберілді, қажеттілік деңгейі анықталған соң кезекті жұмыстар өз жалғасын табады деп сенеміз.

## Негізге алған әдебиеттер

1. Л. А. Щелкунова. Проблемы профессиональной адаптации студентов на педагогической практике (Ярославский педагогический университет).

2. Педагогическая диагностика в системе методической работы. МОУ ДПОС «Методический центр». Пермский край. г. Краснокамск

3. Researching education : data, methods and theory in educational enquiry/ David Scott and Robin Usher. – 2nd ed.

4. Cohen, Louis. Research methods in education/Louis Cohen, Lawrence Manion, and Keith. Morrison.—5th ed



**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚ САПАСЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
НЕГІЗІ**

**Жолдасбеков А.А.**

**Алыптекин Зейнел**

**Данияров Т.А.**

Бүгінгі уақыттағы технологиялардың қарқынды өзгеріп келе жатқанына байланысты студент жастардың бойында ерекше қажетті кәсібіне қосымша білімдер мен біліктіліктерді қалыптастырудың қажеттілігі туындап отыр, нақтырақ айтқанда, оларда сауаттылықты, біліктіліктерді және дағдыларды, қасиеттерді, сапалар мен қабілеттерді қалыптастыру қажет, олар өз кезегінде маманға кәсіби жылдамдықты, бәсекеге лайықты болуды, әлеуметтік қорғанды немесе кепілдікті қамтамасыз етеді. Бітіруші түлектерге өздері әрекет жасап, жұмысқа орналасу мәселесін өздері шешіп жүргені белгілі, жас мамандардың ең қиын психикалық

зақымданатын жағдай бәсекелестіктің жұмысқа орналасуда пайда болатыны көп кездеседі. Объективті себептермен бірге, жас мамандарда өзін-өзі таныстыру қабілетінің төмендігі де саналады. Демек қазіргі кезде Қазақстанда студент жастардың жаңашылдық сапасын зерттеу педагогика ілімінде өзекті болып табылады.

Студенттің жаңалықшылдық сапасының құрамын нақты анықтау оқу бағдарламасын мақсатты бағытта мәдениетті тұрғыда өңдеуге, педагогикалық технологиялардың тиімдісін таңдауға, студенттерге шығармашылық білім өнімдерін жасауды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оқу материалдарын дәл таңдауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық жоғары оқу орнындағы білім беру жүйесін жаңалауға маңызды қадам – бұл болашақ бәсекеге лайықты, креативті маманның тұлғалық-кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына назарды күшейту болуы керек. Басқаша айтқанда, бүгін креативті психологияның контекстінде бүгінгі күннің маманының өзін-өзі тұлғалық әрі кәсіби салада дамытудың жүйелілік білімдері

ерекше өзектіленген. Көптеген зерттеушілер жасөспірімдік және жастық шақ кезеңдер өзінің еркіндігі мен өзінің өмірін жоспарлау қабілеті тұрақты қалыптасады деп есептейді. Бүгінгі кезеңде жастардың психологиясын зерттеу, жас қыздар мен ұлдардың дүниетанымындағы, құндылықтарындағы, өзін-өзі белгілеуіндегі, өмір мәнін іздеудің қалыптасуындағы ерекшеліктерді және тұлғалық дамудың басқа да мәселелерін зерттеу қажеттілігі туады.

Болашақ маманның бәсекеге лайықтылығын қарастыру барысында оның кәсіпті меңгерген дәрежесімен бірге, тұлғалық- даралығындағы сапалары да ескерілетінін айту керек, яғни оның тұрақты даралылық қасиеттерінің жиынтығы қабілеттерінің саны мен үйлесімділікте болуы, кәсіби қызметін өнімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қажеттіліктері мен күйі, мінезінің сипаты да бір-бірімен үйлесімділікте болуы керек.

Міне, осындай жағдайларда олардың студент кезінде өзін-өзі дамытудағы креативті психологияның орны ерекше екені бұл мәселенің өзектілігін көрсетеді.

Кез келген саладағы маманды сипаттайтын тұлғалық құзіреттілікке біз мынадай құрамдарды немесе қасиеттерді енгіземіз:

– әлеуметтік – өзіне жауапкершілік жүктеу қабілетімен байланысты шешімді бірлесіп қабылдауға қатысу, дау-дамайды жарлықсыз реттеу, басқа адамдардың мәдениетімен өмір сүру, толерантты болу, ұлтшылдықтың пайда болуына, төзімсіздіктерге қарсылық жасау;

– кәсіби қызметпен байланысы жоқ салаларда өзіндік жеке эрудициясының (терең білімділігінің) болуы, рефлексиялық біліктілік пен дағдыны меңгеруі керек, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі жетілдіруі, жоғары мәдени дәрежеде сөйлеуге қабілеттілігі, мәдениетті мінез-құлық көрсетуі;

– ақпараттық құрамы, оған жаңа ақпараттық технологияларды меңгеру әрі оларды қиын жағдайларда қолдану, шет тілдерді меңгеру;

– экологиялық құрамы табиғат пен қоғамды дамытудың жалпы заңдарын білуімен негізделеді, сонымен бірге, әлемді синергетикалық принциптерде құру, өзінің кәсіби қызметіне

немесе іс-әрекетіне экологиялық жауапкершілікпен қарауы;

– валеологиялық құрамы салауатты өмір салты мен денсаулық саласындағы білім қоры мен біліктіліктерінің жиынтығы.

Кәсіби күзіреттілік жалпы әрі арнайы сапада кәсіби маңызды сапаларды дамытуды қамтамасыз етеді, мысалы: есті, қисынды және креативті-сыншыл ойларды, рефлексияны, жинақылықты, ұйымдастырушылықты, қайсарлықты, ұқыптылықты, нақтылықты, эмоционалды тұрақтылықты, толеранттылықты, бақылағыштықты, білгіштікті, назар салуды, табандылықты, байланысшылдықты дамытуды қамтамасыз етеді.

138

Маңызды психофизиологиялық жалпыланған қасиеттерге немесе құрамға мына сапаларды жатқызамыз:

– төзімділік (ілігіштік) – жағдайдың талабына сәйкес іс-әрекеттің немесе қызметтің бағдарламасына түзетулер енгізуге қабілеттілігі;

– ойын басқаға бұру немесе тежеу – нақты деректерді нәтижелі жалпылау қабілеті, абстрактілі

сөздерге сүйенуге шеберлігі, ойлау үдерісінде бейнелерді жасау қабілеті;

– рефлексивтілік – ақпараттарды есінде ұзақ сақтау қабілеті, оны әркезде ой елегінен өткізіп отыруы, өзінің іс-әрекеттерін үнемі ойлап қайта жасауды жоспарлау қабілеті.

Осылайша, кең жоспарда маманның кескіні дегеніміз маманның кәсіби, әлеуметтік-психологиялық, креативті (шығармашылық) әрі тұлғалық сапасы, бұлар нарықтық экономикалық жағдайдағы қарым-қатынастарда еңбектенуге мүмкіндік жасайды, нәтижеге қол жеткізуге, әлемдік еңбек нарқындағы жоғары талаптарға тең келетін әрі қоғамда заманға лайықты қайта жасауға қабілетті болуын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның жалпы бағытталғандығы сапасындағы құрамына (маманды дайындау үдерісінде дамыту мүмкін әрі қажетті жұмыстар): рухани құндылықтар жүйесіне тұлғаның өзін еркін игеру, толеранттылығы, жауапты шешімдер қабылдау қабілеттілігі, кез келген іске креативті көзқараспен қарауы, үнемі үйренуге талпынуы, әріптестікке қабілеттілігі,

дамыған креативті санасы сияқты сапаларын қалыптастыруға ерекше назар салу керек деп есептейміз. Біздің пікірімізше, арнайы бағытталу дегеніміз, бұл: өзінің мамандығының мәні мен әлеуметтік маңызын түсінуі; кәсіби іс-әрекеттері немесе қызметі арқылы өзін-өзі жүзеге асыру; кәсіби негізінде өзін-өзі дамыту.

Интегралды құрамдағы бәсекеге лайықты тұлғаның сипаты мына өлшемдермен беріледі: қабілеттіліктері – мақсатының нақтылығы, құндылықтарға бағдарлануы, ісіне креативті қарым-қатынасы, психологиялық төзімділігі, тәуелсіздігі, тәуекелге баруға қабілеттілігі, лидерлікке құмарлығы, толеранттылығы; мінез-құлқының сипаты – еңбек сүйгіштігі, өзін-өзі дамытуға әрі үнемі кәсіби шеберлігін шыңдауға талпынуы; көңіл күйі – конгруэнттілігі, стрестерге төзімділігі [1].

Субъектінің мінезінің бағыты мен біртұтастығын қамтамасыз ететін пайдалы нәтижеге жеткізетін қабілеті – ол мақсатын нақты қоя білуі, жоспарланған қызметтің нәтижесіне түзетулер енгізу әрі бағалау, жоспарлау біліктілігімен анықталады, сонымен бірге, жетістікке

жету мотивтері мен кәсіби қызметін мотивациялаумен айқындалады[2].

Құндылықтарға бағдарланудың айқындығы – бұл шынайы өмірдегі объектілердің мазмұнына саралау жасау қабілеті. Құндылықтарды және мазмұнын өңдеу келесі ретте анықталады: өзінің мүмкіндіктерін бағалай білу қабілеті мен өзінің даралығын түсінуімен; өзінің кәсіби іс-әрекеттері және қателіктері бойынша талдауларды оптимистік бағыттауға қабілеттілігімен; интеллектуалды эрудициясы – тереңдетілген бүгінгі талапқа сай білімдерінің қорымен, кәсіби мәселелерді шешуде қолайлы жолын қарастыру; кәсіби тұрғыдан болжалдар жасау – жағдайды басымдылықта аяқтау біліктілігі; құндылықтарға бағдарының мазмұндылық жағын анықтай білуге қабілеттілігімен айқындалады, іс-әрекетіне немесе қызметімен байланысты белсенді әрі жағымды өзара әрекеттерге және рефлексия мен креативті ойлауға мотивациялық дайындықтарды қосатын психиканың мотивациялық және интеллектуалды саласына ұсынылған креативті даралықты дамыту қабілеттерімен анықталады.



Үздіксіз өзін-өзі дамытуға талпыну өзін түсінудің, өзін танудың, өзін бақылаудың, өзін тәрбиелеудің, өзін өзектілеудің (адам өзінің мүмкіндіктерінен тыс шамада дамуға ұмтылысы) дамуымен белгіленеді [3].

ЖОО-да дайындықтан өткен мамандар жүйелі білімдерді меңгерулері тиісті, әрі бұл талапты әрбір мамандықта оқитын студенттерді дайындау үшін біртұтастықтағы білім саласының мазмұнын жасауды қажет етеді. Оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудағы бүгінгі жаңа принциптерді жүзеге асыруда білім беру жүйесінің күрделі мазмұнын меңгеруді жүзеге асырудағы ең маңызды мәселе педагогикалық үдерістердің еншісінде, яғни студенттер мен оқытушылардың іс-әрекеттерінің өзара байланысуы мен өзара шарттасуы. Сондықтан бүгінгі уақыттағы ЖОО-дағы білім беру жүйесінде оқытушылардың да, студенттердің де жұмысының әдісі мен түрлерін жетілдіру мәселесі өткір қойылуда.

Кәсіби креативті мінездің даму шарттары дегеніміз студенттің мінезі мен ойлау қабілетінің

дәстүрден тыс әрі толық нәтижелі орындауға қабілеттілігі, сонымен бірге, рефлексиясы, түсінушілігі мен өзінің тәжірибесін дамытуға қабілеттілігі; тек көп нұсқалы, белгісіздік, аяқталмағандыққа бағдарланған кәсіби-озық үлгідегі оқу барысы, креативті мінездерінің бейнелері және т.б.

Тұлғаның креативтілігінің қалыптасқандығының дәрежесі кез- келген іс-әрекеттің немесе қызметтің жемістілігінің негізі екенін және кәсіби-шығармашылықтың жемісі екенін де ескере отырып, біз зерттеуге алған затымыздың құрылымына талдау жасаймыз-тұлғаның креативтілігі әрекетшілдік тәсілдің тарапынан алғанда оны мынадай компоненттерге бөледі: қажеттіліктер, мотивтер, мақсаттар, креативтілік үдерісі мен оның нәтижелері.

Тұлғалық сапалардың әрбір тобында студенттің өзін-өзі жүзеге асыруға сәйкестендірілген белгілі бір қабілеттері бар [4].

Студенттердің тұлғалық жаңалық ашу сапасын біз белгілеген үлгіде оның бейнесін сипаттап көрелік. Төменде аталатын сапалар

оқыту барысынның жаңалықшылық түрінің тиіділігін ұйымдастыру және бақылау, жоспарлаудың негізі болып табылады.

Креативті сапалары:

– эмоционалды-бейнелік сапалары: шабыттану, рухани баю немесе рухани толығу;

– шығармашылық жағдайларда эмоциялық өрлеуі; бейнелер жасау, білімділік, ассоциациялық көзқарасы, танымдылық, қиялдауы, фантазиялық көзқарасы, арманшылдық, романтикаға бой алдыруы, керемет әрі жаңа дүниеге құмарлығы, шығармашылық күдікшілдікке бейімділігі, ішкі күресін жасауға қабілеттілігі, жанашырлық (немесе өзгені өзіндей түсіну сезімі), толеранттылығы, шығармашылықтағы белгілерді айыруы, шығармашылықтағы таңбаларды айыру қабілеттері;

– ынталандырушылық, жасампаздық, шыңдалғандық, ойдан жасауға үнемі дайындығы; өзіндік сипаты бар, біртектіліксіздік, стандартсыздық, өзіндік табиғи қасиеттілік, ассертивтілік (бұл сөздің мағынасы өте кең);

– идеяларды қуаттау қабілеті мен оларды объективті танымдылықпен, мәтінмен, басқа

адамдармен байланыстарда, әрі өзімен жеке байланыстарда өнімдер жасауға қабілеттілігі;

– ЖОО-да, отбасыда, басқа әлеуметтік орталарда қалыптасқан мінездерінің қағидаларын ұстану шеберлігімен байланысқан іс-қимылдары мен сезімдері, ойлау үдерістерінің еркіндігі, тәуелсіздігі;

– терең сезімталдығы, таныс және бейтаныстарда өзіне таныс жағдайды көру шеберлігі;

– бір-біріне ұқсас дүниелерді жеңуге қабілеттілігі, шешім қабылдауда басқа кеңістікке немесе басқа белдікке шыға білу қабілеті;

– зерттеп жатқан объектімен диалог жасау шеберлігі, объектіге сәйкес танымдылық әдісін таңдау; сол объектіге ұқсас басқа объектімен байланыстар мен қызмет жасау тәсілдерін табу, оның құрылымы мен құрылысын анықтауға шеберлігі; объектінің өзгерісін болжау, оның өсу жылдамдығын немесе дамуын болжалдау; объектінің құамына сәйкес жаңа танымдылық әдістерді жасау;

– теорияларды, формулаларды, заңдылықтарды, жорамалдарды құрастыру, жорамал жасау шеберлігі, болжалдаушылық, алдын ала анықтау шеберлігі; қисынсыз, эвристикалық әрекеттерді меңгеру: сезімталдық, инсайт, медитация;

– жалпыға ортақ білім беру стандарттарынан айырмашылығы тереңдігінде, мәтін мазмұнында, пікірінде бар білім беру жүйесінің тұлғалық нәтижелерін ажырата білу; тәуелсіздік, тәуекелшілдік;

– шығармашылық жұмыстарды қорғау әрі орындау барысында өзінің шығармашылық қабілеттерін барынша пайдалану тәжірибесін шыңдау, сайыстар, жарыстар, олимпиадаларға қатысу және т.б.

Аталған сапалар тобы кеңейтілуге және нақтылауға ашық. Сонымен бірге, бұл топтар жаңалық ашуға оқытуды қамтамасыз етуге бағытталған аз шамадағы кешенді жинақ болып саналады. Мысалы, тек креативті сапаларды дамыту студенттің жалпы білім алу қозғалысын қиындатып жібереді, өйткені, қалыптаспаған ұйымдастырушылық негізсіз оның креативтілігі

кездейсоқтық пен рәсімделмеген қалыпта қалады.

Аталған сапалар сәйкестендірілген іс-әрекеттерде немесе қызмет түрлері арқылы сыртқы көріністерге ие болады. Креативті білім беру іс-әрекеттер немесе қызметтер когнитивті де бола алады, әрі оның құрамын да өз сапа белгісіне бір бөлшек ретінде қосады. Креативті іс-әрекеттің немесе қызметтің соңғы және негізгі мақсаты – өнім жасау, ал когнитивті іс-әрекет немесе қызмет болса, объектіні тану міндетін орындайды. Осы тұстан бастап оқытушының білім беру ортасын ұйымдастыру кескіні өзгереді. Креативті іс-әрекеттерде білім беру ортасындағы оқытушының берген тапсырмасының мазмұны жаңа объекті жасау мақсатына сүйенеді, себебі құрастыру материалының сипатына ие. Когнитивті іс-әрекеттерде немесе қызметте білім беру ортасы зерттелініп жатқан объектінің белгісіз мәнін табуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттердің технологиялары мен әдістерінен құралған.

А.Н. Лук шығармашыл тұлғаға айқын анықтама айтпаса да, шығармашылық тұлғаның сипаттамасын толық талдаған[5 ]. Ол шығармашылық тұлғаның сипатына тәуекелшілдікті, жігерлілікті, ұмтылғыштықты, еркін саралауды, әрекеттеріндегі жемістердің біртекті болмауын, әзілкештігін, өзіндік табиғи ерекшелігін, сенімге сүйенбеушілігін, «танымдылық мылжыңдық», заттарға сыншылдығы, ойлауға әрі қиялдауға батылдығы және т.б. Мұндай тұлға, А.Н.Луктің пікірінше, өзімен және қоршаған шындықпен ешқандай түсінбеушілікке келмейді әрі оны мәселені тиімді шешу тәсілі деп қарастырады .

148

Креативтілік пен психикалық сипаттың арасындағы және психотизм мен креативтіліктің арасындағы байланыстар туралы J.P.Rushton айтқан. Оның зерттеулері шығармашыл ұлы тұлғалар, ғалымдар өздерінің екпіндерін көсетуде ұстамды, эмоциялық қалыпты күйді үнемі бір дәрежеде ұстайды, байсалды, сабырлы, басқаларға басшылық жасауға құмар, епті, өзіне-өзі сенімді, жан-жақты терең ойлайды.

Жоғарыда айтылғандардан, Қазақстандық ЖОО-дағы білім беру жүйесін жаңалауға маңызды қадам, бұл болашақ бәсекеге лайықты, креативті маманның тұлғалық-кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуына назарды күшейту болуы керек. Жалпы қазіргі кезеңде жастарды дамыту мәселесі қоғамдағы әлеуметтік қайта құрулармен де қиындықтар жасап келеді, осыған байланысты, бүгінгі жастардың психологиясын зерттеу, жас қыздар мен ұлдардың дүниетанымындағы, құндылықтарындағы, өзін-өзі белгілеуіндегі, өмір мәнін іздеудің қалыптасуындағы ерекшеліктерді және тұлғалық дамудың басқа да мәселелерін зерттеу қажеттілігі пайда болуда.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Абрамова Г.С. Практическая психология. Учебник.- М.: Академический Проект, 2003 - 496 с.
2. Дубровина И.В. Психология. Учебник. 7-е издание.М.:,2009.-464 с.
3. Кулагина И.Ю. Педагогическая психология.М.:2008.-480 с.



- 4.. Мухина В.С. Возрастная психология. Феноменология развития. Учебник. М.: 2011. – 656 с.
5. Лук А.Н. Очерки эвристической психологии. М., 2011-268 с.

